



TENGE MONITOR

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ

Газет 2006 жылдың 15 желтоқсанынан шыға бастады

//14 НАУРЫЗ 2019 ЖЫЛ

ЕЛБАСЫ ЖӘНЕ ЕЛ МҰРАТЫ

ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМҚОРЛЫҚ ЖАҢА ДЕНГЕЙГЕ КӨТЕРІЛЕДІ

Жұмырда Нұр Отан» партиясының XVIII съезінде сөйлеген сөзінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев елдің әлеуметтік жағдайына тоқталып, мұқтаж жаңдарға көмек көрсетуі тиіс екенін ескерткен болатын. Президент көп балалы отбасыларға берілетін жәрдемақы мәселесін қайта қарауды ұсынып, «Көп балалы отбасылардың жәрдемақысын әрбір балаға 21 мың теңгеге жеткізуді тапсырамын» делі. Осы орайда Елбасының «Әлеуметтік қамқорлық» және әлеуметтік бастамалары елімізді әлеуметтік дамуына жаңа деңгейге көтеруге бағытталып отыр. Құзыретті органдар тарапынан мұқтаж азаматтарды әлеуметтік қолдау бойынша нақты іс-шаралар белгіленуде. Бұл бастамаларды жүзеге асыру еліміздің әлеуметтік экономикалық дамуына, халықтың тұрмыс сапасының артуына үлкен серпін бермек.



ДИНА ИМБАБАЕВА

Жалпы, қазіргі қазақстандықтардың әлеуметтік құрамы әрқелкі екені белгілі. Мемлекеттің тірегі орта тап десек те олардың үлесі әлі тым төмен. Ал осы халықтың әлеуметтік аз қамтылған тобына жататындар мемлекет тарапынан көмекке мұқтаж. Мұндай әлеуметтік қорғау қызметін пайдалану ел Конституциясының 28-бабында келіп-дендірілген. Мемлекет өз азаматтарының еңбекке қабілеттілігін жоғалтуы немесе асыраушысынан айрылуы, қарттық, бала күтімі, уақытша жұмыссыздық жағдайларында арнайы әлеуметтік көмек көрсетеді. Бұл қазіргі заманғы әлеуметтік бағдарлары кез келген мемлекетке тән үрдіс.

Мемлекет келіп-дендірген

әлеуметтік жәрдемақыларды кімдер алады дегенге келсек, бірнеше жыл бұрын республикада әлеуметтік жәрдем және форматқа көшкен болатын. Яғни, әлеуметтік салаға екі маңызды өзгеріс енгізілді. Біріншісі – әлеуметтік төлемдерге қолжетімділікті арттыру. Екіншісі – аз қамтылған азаматтарға әлеуметтік қолдауды күшейту. Яғни, бірінші өзгеріс тиісті санаттағы азаматтардың әлеуметтік көмекке қол жеткізуді жеңілдетіп, құжат жинау үдерісін оңайлатты. Елімізде мүгедек және мүмкіндігі шектеулі азаматтар бұған дейін мүгедектігі жөнінде келіп-дендірілген және арнаулы әлеуметтік жәрдемақылар үшін екі бөлек құжаттар өткізуге тиіс болса, енді осы екеуі қосылып, бір ғана жәрдемақы тағайындалды. Бұл мемлекет келіп-дендірген біртұтас жәрдемақы да айлық есептік

көрсеткіш негізінде есептеледі. 2018 жылдың 1 қаңтарынан бері атаулы әлеуметтік көмек отбасының әрбір мүшесіне шаққанда табысы күнөкөрі шегінің 50 пайызынан төмен болған жағдайда ғана көрсетіледі. Соңынан, көп балалы отбасыларға арнаулы мемлекеттік жәрдемақылардың, аз қамтылған отбасыларға арналған арнаулы балалар жәрдемақыларының, аз қамтылған үй шаруашылығына арналған атаулы әлеуметтік көмектің орнына отбасындағы еңбекке қабілетті адамдар жұмысқа қамтуы бәсеңді шараларына қатысу ұсынылады. Яғни, жергілікті жерлердегі әлеуметтік қамту бөлімдеріне сол елді мекендегі жұмыс берушілер өздеріндегі бос жұмыс орындары туралы мәлімет беріп отырады. Ал аталған бөлім қызметкерлері осы жұмыс орындарына жәрдемақыға мұқтаж отбасындағы

еңбекке қабілетті адамдарды тартуы қажет.

Әлеуметтік саладағы тағы бір өзгеріс бойынша атаулы әлеуметтік көмектен зәру адамдарға ғана беріледі. Атаулы әлеуметтік көмек – жан басына шаққандағы орташа айлық табысы келіейтін шегінен төмен жеке адамдарға (отбасыларға) мемлекеттен ақшалай нысанда берілетін төлем. Ол шартты және шартсыз ақшалай жәрдем деген екі түрге бөлінеді. Шартсыз ақшалай көмек құрамында еңбекке қабілетті мүшесі жоқ (мысалы, мүгедектер) отбасыларға және мүшелері нақты себептермен жұмысқа тарту шараларына қатыса алмайтын отбасыларға (мектепке дейінгі бала тәрбиелеп отырған жалғызбалы ана) беріледі.

ҚАЗАҚСТАН ҚОР НАРЫҒЫ

АКЦИЯЛАР	Risers	Last	%Δ1D	%Δ1M
KZAP	13.03.19 12:17	5 600,00	+2,12	+4,76
RU_SBER	13.03.19 11:43	11 202,87	+0,78	-0,51
KZTO	13.03.19 12:23	1 403,00	+0,21	+0,22
GB_KZMS	13.03.19 12:16	3 124,00	+0,13	+5,19
KEGC	13.03.19 12:23	1 580,10	+0,01	-1,49
Индекс KASE	13.03.19 12:23	2 364,92	-0,48	+1,97

АҚША НАРЫҒЫ	Symbol	Last	%Δ1D	%Δ1M
MM Index	12.03.19 17:21	8,21	+0,02	+0,03
TONIA	13.03.19 12:22	8,25	+0,02	-0,00
SWAP-1D (USD)	12.03.19 18:24	6,00	+0,27	-0,20
TWINA	13.03.19 11:37	8,32	+0,23	+0,09
SWAP-2D (USD)	13.03.19 12:30	6,36	+0,08	-0,19
KazPrime-3M (KZT)	13.03.19 11:33	10,25	0	0

КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР	Deals	Yield	DTM
FFINb3	13.03.19	-	29.05.21
BTAs16	12.03.19	-	21.12.22
FFINb2	13.03.19	-	28.06.20
HCBNb3	12.03.19	12,50	25.05.20
ECTRe1	12.03.19	7,99	22.04.22
BAS101	12.03.19	-	22.09.20

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР	Deals	Yield	DTM
NTK364_2238	05.03.19	8,70	05.04.19
NTK182_2532	05.03.19	8,30	23.08.19
NTK028_2533	05.03.19	9,03	27.03.19
NTK364_2521	05.03.19	9,15	07.02.20
NTK028_2525	01.03.19	8,51	13.03.19
KZ_05_2410	27.02.19	3,35	14.10.24

> [4]

ӘЛЕМДІК ҚОР НАРЫҒЫ

Индекстер	Value	%Δ
KASE	2376,3	0,87% ↑
FTSE 100	7151,2	0,29% ↑
MSCI World	2083,4	0,42% ↑
S&P 500	2791,5	0,30% ↑
Dow Jones	25554,7	-0,38% ↓
Russel 2000	1550	0,06% ↑
Russel 3000	1649	0,28% ↑
SSE Comp	3059,20	0,35% ↑

Тауарлар	Value	%Δ
Мұнай	66,7	0,14% ↑
Мыс	6493	1,03% ↑
Қорғасын	2070,5	0,46% ↑
Мырыш	2874	4,00% ↑
Никель	13020	1,60% ↑
Алғимний	1850	1,66% ↑
Уран	27,9	-0,18% ↓

Валюта нарықтары	Value	%Δ
USDKZT	378,1	-0,25% ↓
EURKZT	426,87	0,13% ↑
USD RUB	65,625	-0,52% ↓
USD UAN	26,52	0,72% ↑
USD BVR	21330	-0,37% ↓
EUR USD	1,1288	0,27% ↑
GBP USD	1,3075	-0,57% ↓

ВАЛЮТА & САЛЫҚ

Мұнай саласындағы төлемдер артқан

Ақпан айында Ұлттық қор шығыстарының есәуір өскеніне және доллардың теңгеге қарағанда әсірленгеніне де қарамастан қорда жинақталған қаржының мөлшері ұлттық валютадағы есептеулерде әжептәуір артқан.

ИСАТАЙ ҚАМБАРОВ

Қаржы министрлігінің мәліметтеріне сәйкес, ақпанда қордың ақшасы 1,2%-ға 25 трлн 539,8 млрд теңгеге дейін, абсолюттік түрде – 298,2 млрд теңгеге артқан. 2019 жылдың басыммен салыстырғанда өсім азырақ – 153,4 млрд теңге. Бұл Ұлттық қордағы қаржының қантарда 0,6%-ға немесе 144,8 млрд теңгеге азайғанын аңғартады. Жылдық көрінісінде, яғни, 2018 жылдың 1 наурызындағы мәліметтерге сәйкес, есәуір өсім – 11%-ға жуық – ұлғайған.

ЖАҒЫМСЫЗ ЖАЙТТАР ҚАНДАЙ?

Ұлттық қордың активтерінің негізгі бөлігі шетелдік валюталардың активтеріне инвестиция-

ланады. Бұл оның қаржыларының теңгелік баламасының серпініне, нәтижесінде бағамдық айырмашылық қалыптасып, айырбас бағамының ауытқуы өсер етеді деген сөз.

Өткен айда доллар KASE-де 1 ақпандағы таңертеңгі сессияның қорытындысы бойынша 381,35 теңгелік орташа сараланған деңгейден 28 ақпанда 375,56 теңгеге дейін немесе 1,5%-ға арзандап кеткен. Қордың шығындары ақпанда 1,6 есе 430,6 млрд теңгеге дейін өскен, өйтсе де жылдық есептеуде 8,5%-ға төмендеуі орын алған.

Бұл ретте Ұлттық қордан республикалық бюджетке келіп-дендірілген трансферттер шешуші рөл атқарған. Оларды аудару мөлшері 1,6 есе 430,0 млрд теңгеге дейін артқан. Қор қаражатын басқаруға және жыл сайынғы сыртқы аудитті өткізуге байланысты шығындар да айтарлықтай – 2,3 есе 0,6 млрд теңгеге дейін өскен.

Дегенмен де, мұндай жағымсыз факторларды қорға түсімдердің күрт артуы жауып отыр. Ақпанда олардың көлемі 5,1 есе 584 млрд теңгеге жуық ұлғайып, абсолюттік

шегінде 468,6 млрд теңгеге шыққан! Жылдық есептеуде де есәуір көлемді өсім – 53,5% қалыптасқан.

ӨСІМ НЕДЕН ҚУРАЛАДЫ?

Осыншама қомақты статистикалық жағымды жайттардың негізгі көзі – мұнай саласындағы (жергілікті бюджеттерге аударылатындарын шегеріп тастағанда) ұйымдардан аударылуы – тікелей салықтардың түсімдері болып отыр. Олардың мөлшері қыстың соңғы айында 5,2 есе 569,2 млрд теңгеге дейін өскен.

Сонымен қатар корпоративтік табыс салығының түсімдері 2,1 есе 222,8 млрд теңгеге дейін, пайдалы қазбалар өндіруге салық 28,7 есе 63,2 млрд теңгеге дейін, экспортқа рента салығы – 32,7 есе 71,9 млрд теңгеге дейін, келісім жасалған шарттар бойынша өнімдерді бөлу жөніндегі Қазақстанның үлесі – тіпті 1 212 есе 186,6 млрд теңгеге дейін артқан!

> [3]

АГРОКЕШЕНДІ ЦИФРЛАНДЫРУ



Сандық алқаптарда өнімділік артуда

Климаттың құры аутықуы, дақылдардың төмен шығымдылығы жағдайында ауылшаруашылық өндірісінің жай-күйін болжау, дәл бағалау және бақылау туралы нақты, уақытша ақпарат алуың маңызды үлкен. Осы мақсатта дәлім-дәл егіншілік элементтері қолданумен жүзеге асырылған жобаны Солтүстік Қазақстан облысының Есіл ауданындағы «Атамекен-Агро Корневска» серіктестігі катысуда.

Аграрлық өндірістегі еңбек өнімділігі мен өңделген ауылшаруашылық өнімдерінің экспорттан ұлғайту міндеті кешенді шаралардың көмегімен жүзеге асырылған. Бұлардың қатарында – салада шығынды азайтып, тиімділікті арттыруға мқпал ететін жаһандық тренд – нақты егіншілік тәсілдерін енгізуге баға назар аударылып отыр.

> [5]



БИЗНЕС&ЖАҢАЛЫҚ

АПТА ТЫНЫСЫ

►Әлеуметтік қамқорлық

Жұмыс тобы – ел арасында

Премьер-министрдің орынбасары Гүлшара Әбдіқалықова бастаған Үкіметтің әлеуметтік блогының жұмыс тобы Елбасының «Әлеуметтік қамқорлық» шараларын іске асыру бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін Атырау облысына барды.



Мақсат – Мемлекет басшысының «Нұр Отан» партиясының XVIII съезінде берген тапсырмаларын іске асыру мәселелерін түсіндіру, өңір халқымен кездесу. Онда халықтың аз қамтылған топтарын қолдау және табысын арттыру, кірістері төмен азаматтардың тұрғын үй мәселелерін шешу, білім беру және денсаулық сақтау салаларын жақсарту, өңірлерді кешенді дамытуға бағытталған тапсырмаларын іске асырудың негізгі бағыттары талқыланды.

Г.Әбдіқалықова Елбасының «Әлеуметтік қамқорлық» жана әлеуметтік шаралары қазақстандықтардың

өмір сапасын жақсартуға; мүмкіндіктері шектеулі балаларды тәрбиелеп отыраған, аз қамтылған, көпбалалы отбасылардың, сондай-ақ халықтың мемлекеттің қолдауына мұқтаж әлеуметтік осал топтарының ал-ауқатын арттыруға бағытталғанына тоқталып өтті.

Білім және ғылым министрі К.Шамшидинова, денсаулық сақтау министрі Е.Біртанов бастаған шағын топтар Махамбет, Жылыой және Исатай аудандарына барып, азаматтарды жеке қабылдау, денсаулық сақтау, білім беру жүйелерінің қызметкерлерімен кездесулер өткізіп, денсаулық сақтау және білім беру нысандарын аралады.

Г.Әбдіқалықова қаладық Жұмыспен қамту және Халыққа қызмет көрсету орталықтарының дайындығын тексеріп, Студенттер үйіне барды. Онда аз қамтылған отбасылардан шыққан жастармен өзекті мәселелерді, сондай-ақ Жастар жылы аясында орындалып жатқан іс-шараларды жүзеге асыру барысын талқылады.

►Еркін сауда аймағы

Перспективалы нарыққа жол



Мәжілістің жалпы отырысында Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Иран Ислам Республикасы арасындағы еркін сауда аймағын құруға алып келетін уақытша келісімді ратификациялау туралы заң жобасы мақұлданды.

Аталған келісімге өткен жылғы мамырда Астана қаласында қол қойылған.

— Бұл келісімді іске асыру отандық тауарларды 80 миллионнан астам халқы бар Иранның перспективті нарығына шығару арқылы олардың экспортын ұлғайтуға мүмкіндік береді. Жалпы алғанда, осындай келісім экспортты әлемдік нарыққа шығару тетіктерінің бірі болып отыр. Иранмен өзара сауда көлемі 2018 жылы 516 млн АҚШ долларына жетті, оның ішінде 426 млн доллар Иранға бағытталған экспортқа

тиесілі. Экспортқа шығарылған негізгі тауарлар арасында арпа, рапс тұқымы, қой еті бар, — деді ұлттық экономика министрі Руслан Дәленов.

Оның сөзіне қарағанда, келісімге сәйкес, Иран тарапы 864 тауарға қатысты импорттық баж ставкаларын төмендетеді. Иран нарығына ірі кара мал және қой еті, бұршақ дақылдары, өсімдік майы, кондитерлік өнімдер, релестер, аккумуляторлар, амурамура мен құбырлар және басқа да тауарларды жеңілдетілген тариф бойынша әкелу мүмкін болады. Бұл тауарлар бүгінде Қазақстанның Иранға экспортының жартысынан астамын алып отыр. Еуразиялық экономикалық одақ елдері 502 тауар бойынша импорттық баж ставкаларын төмендетеді. Олардың ішінде құрма, жүзім, кондитерлік өнімдер, ыдыс, кілемдер және өзге тауарлар қамтылған.

►ҮКІМЕТ: КЕЛЕЛІ МІНДЕТТЕР КӨШІНДЕ

Премьер-министр Аскар Маминнің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында 2019-2023 жылдарға Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму жөне 2019-2021 жылдарға арналған республикалық бюджет болжамы нақтыланды.

БОТАҒӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

Негізгі макроқорсеткіштер мен бюджеттік параметрлердің болжамдары туралы Премьер-министрдің бірінші орынбасары – қаржы министрі Ә.Смайылов және ұлттық экономика министрі Р.Дәленов баяндады.

Ұлттық экономика министрлігінде деректері бойынша, 2019 жылға арналған макроқорсеткіштердің болжамын нақтылаудың негізгі факторлары – 2018 жылға ішкі жалпы өнім дерегінің жариялануы, тау-кен өнеркәсібі мен қызмет көрсету секторының өсу қарқынының өзгерісі. «2018 жылы ІЖӨ көлемі 58,8 трлн теңгені құрды. Бұл 2019 жылды бағалау үшін жақсы база болып саналады. Өткен жылмен салыстырғанда мұнай өндіру 1,4 млн тоннаға немесе 1,5%-ке төмендеді. Бұл тау-кен өнеркәсібінің төменірек өсу қарқынын қалыптастырады. Десе де қызмет көрсету секторы бойынша неғұрлым жоғары өсім күтіліп отыр. Қызмет көрсету секторы өсімінің негізі – ішкі сұраныстың ұлғаюы», деп мәлімдеді Р.Дәленов.

Сыртқы және ішкі факторларды ескере отырып, болжам аясында 2019 жылға арналған базалық параметрлер бұрын мақұдланған: мұнай бағамы – 1 АҚШ доллары үшін 370 теңге, жылдық инфляцияның нысаналы дәлізі – 4-6% деңгейінде сақталды.

Түзелетін макроэкономикалық болжам негізінде Елбасының жана әлеуметтік бастамаларын іске асыруды, сонымен қатар Қазақстан халқына арналған Жолдауды және «Нұр Отан» партиясының XVIII съезінде берілген тапсырмаларды орындауды қаржылық қамсыздандыру үшін 2019 жылға арналған бюджет параметрлерінің болжамы нақтыланды.

Премьер-министрдің бірінші орынбасары – қаржы министрі Ә.Смайылов нақтыланған республикалық бюджеттің жобасы әзірленгенін айтты. Ендігі міндет – біріншіден, осы нақтыланған республикалық бюджет жобасын Парламентке енгізу және оның қабылдануын қамтамасыз ету. Екіншіден, нақтыланған бюджетке қозғалған теңемдерді алудың қажетті жағдайларда жетуді қамтамасыз ету үшін барлық бюджеттік процедураларды тез арада өткізу. Үшіншіден, бюджет кірістерінің толық орындалуын қамтамасыз ету үшін бюджет қаражатының атырауына онлайн-мониторингті жалғастыру.

Нақтыланған бюджет жобасы қаражаттардың 3 бағыт бойынша бөлінуін қарастырады. Біріншісі, Елбасының «Нұр Отан» партиясының XVIII съезінде атаған «Әлеуметтік қамқорлық» әлеуметтік шараларын жалпы сомасы 444,3 млрд теңгеге іске асыру. Аталған қаражаттар аясында

негізгі капиталға салынған инвестициялар және өнеркәсіп, қурылыс салаларындағы қорсеткіштер бойынша арта қалып отыр. Осыған орай, Премьер-министр Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі өңірлер әкімдерімен бірге қорсеткіштердің игерілмеу себептерін зерделеп, 1 топканның



Бастамалар бұлжытпай орындалуы тиіс

азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік қолдауды күшейту көзделген, оның ішінде төмен жалақы алатын жұмысшылардың еңбек ақысын, мүгедектің бойынша жәрдемақыларды ұлғайту, атаулы әлеуметтік көмек тағайындау параметрлерін өзгерту, аз қамтылған көпбалалы отбасыларға жалдамалы тұрғын үй салу және КТҚЖБ арқылы жеңілдікті несиелендіруді енгізу, сондай-ақ өңірлік инфрақұрылым мен «Ауыл – ел бесігі» арнайы жобасын дамыту. Екіншісі, Жастар жылы аясындағы шараларды іске асыруға – 24,6 млрд теңге бөлінеді. Үшіншісі, Президент жолдауларында берілген тапсырмаларды орындау – 286 млрд теңге. Қаржы министрі аталған қаражаттар аясында Түркістан облысын және Астана қаласын дамытудың кешенді жоспарларын іске асыру, Астанада ғылыми-өнеркәсіптік орталық, «Сарыарқа» газ құбырын салу, сондай-ақ еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты іс-шараларды іске асыру көзделгенін атап өтті.

қорытындысы бойынша жоспарлы он өз қорсеткішіне шығу үшін барлық шараларды қабылдауды тапсырады. «Экономиканың тұрақты өсуі – біздің негізгі міндетіміз. Бұл ІЖӨ-нің кемінде 5% көлемінде өсуін қамтамасыз етуіміз керек. Ол үшін біз бірігіп бірлесіп жұмыс істейміз қажет», деді А.Мамин.

Үкімет басшысы тау-кен, химия өнеркәсібінде, машина жасау, сауда, көлік саласында, ауыл шаруашылығында он өсім қарқыны байқалатынын атап өтті. Жалпы ІЖӨ екі айда 3,5%-ке өсіп отыр. Бұдан өзге, бұлжытпай ақпан айының қорытындысы бойынша қантар айымен салыстырғанда қурылыс, негізгі капиталға инвестициялар тарту, өңдеу өнеркәсібі, металлургия салаларында он өсім қарқыны байқалады. Дегенмен, кейбір өңірлер

Мәселені қарау қорытындысы бойынша, тиісті мемлекеттік органдарға белгіленген тәртіпте заң жобаларын Парламент қарауына енгізу тапсырылды.

Отырыста сондай-ақ Туристік саланы дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасының жобасы мақұлданды. Бұл бойынша мәдениет және спорт министрінің, бірқатар облыс әкімдерінің баяндамалары мен тәуелсіз сарапшылардың пікірлері тыңдалды.

►ТУҒАН ЖЕР



ҚАЙЫНДЫ КӨЛІ

Сұлулығына көз тоймайтын Қолсай шатқалындағы Қайыңды көлі 1910 жылдары болған қатты жер сілкінісінің салдарынан пайда болған. Көл теңі деңгейінен 1867 метр биіктікте орналасқан.

Қайыңды көлі аумағында жеміс-жидектің 70-тен астам түрі (шырғанақ, таңқурай, бұлдірген, қарақат, итмұрын, қой қарақат, рауғаш т.б.), өседі. Тағы бір айта кетерлігі, мұнда сусын дайындауға таптырмайтын қалақай, қымыздық, шайқұрай сынды өсімдіктер де өседі. Емдік қасиетке бай шетен, долана, итмұрын, тобылғы, қарақат та көп өседі.

►Ұлы даланың жеті қыры

Түркістанда туристік аймақ құрылады

Түркістан облысының әкімі Әмірзақ Шөкеев Түркістан қаласын аралып, Әзірет Сұлтан қорық-мұражайы аймағы маңындағы Ортақ елді мекеніне барды. Онда өңір басшысы жанадан бой көтеретін туристік аймақтың жобасымен танысты.



құжаттамаларын әзірлеуді тапсырамын. Сонымен қатар барлық инфрақұрылым мәселелері шешілетін болуы тиіс, — деді Шөкеев.

Бұдан соң облыс әкімі Түркістан қаласының кіреберіс қапсына аялдады. Онда алағай уақытта қаланың шығарын ашатын ғимараттар бой көтеру қажеттігін айтты.

— Түркістан қаласының кіреберіс қапсы көрік-

ті болуы тиіс. Облыс орталығына келген туристер әуелі жана қаланы көріп, кейін көне қаламен қауышуы қажет. Сол үшін қаланың қақпа тұсында заманауи ғимараттар бой көтеруі керек, — деді облыс әкімі.

Сондай-ақ облыс орталығындағы сапар аясында өңір басшысы қаланы суландыру жүйесін, жасыл желек жұмыстарын тексеріп, бірқатар тапсырмалар берді.

БИЗНЕС&ҚАРЖЫ

▶ ВАЛЮТА & САЛЫҚ

Мұнай саласындағы төлемдер артқан

> [1]

Мұнай секторындағы ұйымдардан өнімді бөлу туралы келісім бойынша қызмет атқаратын жер қойнауын пайдаланушылардың қосымша төлемдері бойынша да айтарлықтай үстеме құралып отыр. Бұл бап бойынша түсімдер 2 471,3 есе 24,7 млрд тенгеге дейін артқан. Осыған таңқаларлықтай статистикадан ерекшелік тек мыналарда ғана байқалады:

- қантардағы 0,03 млрд тенге деңгейінде қалған үстеме пайдаға салынатын салық;
- өткен айдағы 0,05 млрд тенге жағымды көрсеткішті 1 наурызға минус 0,07 млрд тенге жағымсызға ауысқан бонустар.
- Әжептеуір жағымды серпін мұнай секторында (жергілікті бюджеттерге аударылатындарын шегеріп тастағанда) қызмет жасайтын ұйымдардың операцияларынан түсетін басқа да түсімдер бойынша қалыптасты – бұлар 4,6 есе 6,9 млрд тенгеге дейін артқан. Ақпанда республикалық меншікті жекешелендіруден де түсімдер айтарлықтай – 1,7 есе 7,7 млрд тенгеге дейін, ауыл шаруашылығы үшін пайдаланылатын жер телімдерін сатудан – 2,2 есе 0,07 млрд тенгеге дейін өскен.

ҚОР АҚШАЛАРЫ ҚАЙДА ЖҰМСАЛМАҚ?

Нақтырақ айтар болсақ, «Нұр Отан» партиясының таяуда өткен съезінде Елбасы Н.Назарбаев Ұлттық



қордан 2019-2021 жылдар аралығында мемлекеттің әлеуметтік саясатын іске асыруға 1 трлн 350 млрд тенге бөлулі тапсырды. Өздеріңіз көріп отырғандай, бұл ақым тіпті бір ғана ақпанда қорға аударылған түсімдердің өсімінен де аз! Сол себепті де одан алуға жоспарланатын отырған ақымды қаржының орнын отандық «мұнайлы» салықтардан түсетін ақшалай тасқандар артығымен жауып кетері хақ, өрине, «қара алтынға» қазір қалыптасып отырған жайлы бағалар сақталар болса.

Дегенмен, бұл жерде мына жайттарды да ескерген абзал сияқты. Осы сейсенбіде ғана 2018 жылмен салыстырғанда биыл мұнай өндірісі

1,4 млн тоннаға азаймақ деп үкіметтің отырысында ұлттық экономика министрі Руслан Дәленов мәлімдеді. Отырыста министр 2019 жылға арналған негізгі макроқорықтестер мен бюджет параметрлерінің болжамын ұсынды. Оның айтуынша, өткен жылы жалпы ішкі өнім көлемі 58,8 трлн тенгеге құраған.

«2018 жылмен салыстырғанда мұнай өндірісі 1,4 млн тоннаға немесе 1,5 пайызға төмендейді. Бұл тау-кен өнеркәсібінің өсу қарқынын төмендетек. Алайда қызмет көрсету секторы бойынша жоғары өсім күтіліп отыр. Оны өсіміне ішкі сұраныстың ұлғаюы себеп болмақ», – деді Руслан Дәленов үкімет отырысында. Министр

сыртқы және ішкі факторлары ескере отырып, 2019 жылға арналған базалық параметрлер бұрын мақұлданған деңгейде сақталатынын да айтты. Яғни, биыл мұнай бағасы 1 барреліне 55 АҚШ доллары, тенге бағамы 1 АҚШ доллары үшін 370 тенге, жылдық инфляцияның нысаналы дәлізі 4-6 пайыз деңгейінде сақталмақ.

Министр мына бір маңызды мәселеге де тоқталды. «Тікелей инвестициялар қорын құру үшін Ұлттық қордан 370 млрд тенге мөлшерінде нысаналы трансферт қарастырылған. Бұл ретте, түсімдер мен пайдалану дәйексінде Ұлттық қордың таза түсімдері оң нәтиже болады», – деді ұлттық экономика министрі.

▶ ЗАҢ ШЫҒАРУШЫЛЫҚ

Әлеуметтік төлемақы басқаша тағайындалады

Сейсенбідегі Парламент Мәжілісінде «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне міндетті әлеуметтік сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» заң жобалары таныстырылды.

ИСАТАЙ ҚАМБАРОВ

Мәжілістің отырысы осы палатаның Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрайымы Гүлнар Иксанованың қатысуымен өтті. «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» заң жобасының жана редакциясы Мемлекет басшысының міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінде еңбек өтілі мен әлеуметтік төлем мөлшерінің арасындағы өзара байланысты күшейту, сондай-ақ еңбек ету қабілетінен айырылу, асыраушысынан айырылу және жұмысынан айырылу бойынша әлеуметтік төлемнің мөлшерін 2020 жылдан бастап орта есеппен 30%-ға арттыру бойынша тапсырмасын іске асыру үшін әзірленді.

Айта кету керек, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне міндетті әлеуметтік сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» заңнамалық жобасы ҚР Қылмыстық-атқару кодексіне және «Сақтандыру қызметі туралы», «Қазақстан Республикасында зейнетқымен қамсыздандыру туралы» және «Халықты жұмыспен қамту туралы» ҚР Заңдарына редакциялық сипаттағы тиісті түзетулерді енгізуді көздейді. Заң жобасына енген түзетулермен еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Светлана Жақыпова таныстырып, заң жобасының ең маңызды нормаларына тоқталды.

– Заң жобасы үш әлеуметтік қатар: еңбек ету қабілетінен айырылу, асыраушысынан айырылу, жұмысынан айырылу бойынша әлеуметтік төлемдерді тағайындау параметрлерін қайта қарауды көздеп отыр, – деді Жақыпова жобаны таныстыру барысында.

Бұл ретте еңбек ету қабілетінен айырылу және асыраушысынан айы-



рулы жағдайларына байланысты әлеуметтік төлемақы тағайындау параметрлері 2005 жылдан бері қаралағанын да айта кеткен жөн. Мұндай төлемақылардың артуы жыл сайын – инфляциядан төмен емес деңгейде инфляцияға сәйкес заң түрінде бекітіледі.

Енді министрлік жүйеде еңбек өтілі мен әлеуметтік төлем мөлшерінің арасындағы өзара байланысты күшейту мақсатында еңбек өтілі 5 жылдан асатын төлем алушылар үшін жүйеге енгізілетін коэффициентін қайта қарауды ұсынып отыр. Әлеуметтік төлемдердің: еңбек ету қабілетінен айырылу, асыраушысынан айырылу, жұмысынан айырылу бойынша 3 түрін айқындау барысында нақ осы коэффициент қолданылатын болады.

– Бүгінгі күнге қатысу өтілі 5 жыл және одан да жоғары азаматтарға аталмыш коэффициенттің мөлшері 1,0 дәрежені құрап отыр. Сөйтіп, басқа да талаптар тейдей жағдайларда, әлеуметтік төлем алушылардың 60 айлқ өтілі барлар да, 120 айлқ өтілі барлар да, бірдей мөлшерде төлемдер алады. Осыған байланысты қатысу өтілі 71 ай (қоса санағанда) қатысу өтілінің қолданыстағы коэффициентін сақтап, оның үстіне, 60 айлық жоғары, әрбір келесі толық жылға коэффициентті 2%-ға арттыру ұсынылады, – деп түсіндірді Жақыпова.

Еңбек ету қабілетінен айырылу

4) төрт және одан көп адам болса 80%-дан 100%-ға арттыру ұсынылады. Жалпы алғанда, әрбір коэффициенттің өсімі бұрынғы мөлшердің 25%-ын құрайды.

Жұмысынан айырылу бойынша әлеуметтік төлемнің ұзақтығы 4-тен 6 айға дейін ұзару көзделіп отыр. Мысалға, қазіргі заңға сәйкес 6 айға дейінгі әлеуметтік төлем тек жұмысынан айырылудың жеке себептері – шаттан қысқартылуы, заңды тұлғаның таратылуы бойынша жүргізіліп келеді.

Бұдан басқа, жүргізіліп отырған ана мен баланы әлеуметтік қорғау саясатын ескере отырып, жұмыспен қамтылу мәртебесіне, бала бір жасқа толғанға дейін ең төменгі кепілдірілген мөлшердегі, яғни республикалық бюджеттен төленетін деңгейдегі төлемді алуға құқығына байланысты жана туылған балаларды және олардың ата-аналарын қамсыздандыру мақсатында алушы еңбек (көсіпкерлік) қызметін қайта қалпына келтірген жағдайда әлеуметтік төлемді жалғастыру ұсынылады, бұл ретте Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемнің мөлшері мемлекеттік жәрдемақы деңгейіне дейін төмендетілетін болады.

Заң жобасын қабылдау нәтижесінде үш әлеуметтік төлекел: еңбек ету қабілетінен айырылу, асыраушысынан айырылу, жұмысынан айырылу бойынша әлеуметтік төлемдердің өсуі 200 млн тедем алушы үшін 30%-ды құрайтын болады.

Бұл азаматтардың формалды жұмыспен қамтылуына қызығушылығын арттырады, жұмыс істейтін азаматтардың әлеуметтік қорғалуын күшейтеді және міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысуға ынталандыратын болады.

Жобаны іске асыру республикалық бюджеттен қосымша қаржылық шығындарды талап етпейді және теріс әлеуметтік-экономикалық немесе құқықтық салдарға әкелі соқтырмайды.

1) асырауында бір адам болса 40%-дан 50%-ға;
2) екі адам болса 50%-дан 65%-ға;
3) үш адам болса 60%-дан 80%-ға;

ЭЛЕМДІК АҚПАРАТ



Әйгілі БАӘ компаниясы қос айлағымызды жаңғыртпақ

Біріккен Араб Әмірліктерінің әйгілі ғаламдық аялақ операторы Дубай DP World компаниясы қазақстандық аялақтар мен логистика секторларында жана инфрақұрылымды инвестициялау мүмкіндігін талқылауда, деп хабарлайды www.thenational.ae сайтынан.



DP World төрағасы және сұлтан Ахмед бин Сулайем өткен сейсенбіде Қазақстан Премьер-министрі Асқар Маминмен Астанада кездесіп, жана инвестициялар ахуал-ауқатын талқылады делінген DP World мәлімдемесінде. Кездесу аясында Қазақстан үкіметімен Ақтау және Хоргоз аярықша экономикалық аймақтары туралы екі шекті келісімге қол қойылған болатын.

«Біздің логистикалық және сауда инфрақұрылымын дамытудағы тәжірибеміз Қазақстандағы нысандар құрылысында және жергілікті бизнес мұқтаждарын оңды шешуде айтарлықтай ұтады», – деді Бин Сулайем. «Біз Қазақстан экономикасының негізі қуатты деп санаймыз, сондықтан (біз) оны инвестициялауды одан әрі жалғастыруды асыға күтеміз», делінген сайт хабарламасында.



Шымкентте тағы бір индустриалды аймақ құрылады

Ағылшын тілінде хабар тарататын әзірбайжандық Trend жаңалықтар агенттігінің <https://en.trend.az> сайтының қазақстандық БАҚ-тарға сілтемемен хабарлауына, Шымкентте үшінші өнеркәсіптік аймақ пайда болмақтық.

«Жұмыс істеп жатқан өнеркәсіптік аймақтардың жоғары жұмысбастандылығына және өз өндірістерін ашуға ынта білдіруші кәсіпкерлер санының өсуіне байланысты Шымкентте жана өнеркәсіптік аймақ ашу қажеттілігі туындап отыр», – деген қала мәрі орынбасарының сөзін келтіреді агенттік хабарламасында.

Ол жана Жұлдыз деп аталған индустриалды аймақтың әртарапандырылатынын – оның құрамына құрылыс индустриясының, химия, мұнай-химия және металлургия өнеркәсіптерінің жобалары, т.б. кіретінін атап айтқан. Өнеркәсіптік аймақта барлығы 20 кәсіпорындарды орналастыру жоспарланған.



Малайзияның халал тәжірибесі пайдаланылмақ

Куала-Лумпурдан www.nst.com.my сайты Қазақстанның азық-түлік пен суысындағы және ислам қаржылаңдыруына көңіл аудару отырып, оның үстіне халал индустриясын дамытуда малайзия тәжірибесін пайдалануға ұмтылауда, деп хабарлайды.

Қазақстанның Малайзиядағы ешлілігінің кеңесшісі д-р Серік Әміров біздің еліміздің электрондық коммерция, денсаулық сақтау, киберқауіпсіздік және жаңғыртылатын энергия көздері салаларында Малайзиямен ынтымақтастықты кеңейтуге қызығушылық танытауда, деп мәлімдеген.

Ол өз сөзінде екі ел арасындағы тауар-айналымының 2017 жылдағы 123 миллион доллардан өткен жылы төрт есеге, яғни, 478 миллион АҚШ долларына дейін артқанын айтқан.

Батыр РАХМЕТУЛЛИН

БИЗНЕС&ҚОҒАМ

НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

▶ ТІЗІМ

НЕСИЕ ТҰРАҚТЫ ДЕНГЕЙДЕ

S&P Халықаралық агенттігі Қазақстанның кредит рейтингін тұрақты деп бағалады. Агенттік Қазақстанның төуелсіз кредит рейтингін «BBB» деңгейде екендігін анықтады.

Қазақстанның рейтингін қолдайтын негізгі фактор – мемлекеттің мықты балансы, сондай-ақ 2022 жылға дейінгі сарапшылардың болжамындағы сыртқы қарыздан асытын өтімді активтер. Сарапшылар 2019-2022 жылдары экономикалық белсенділіктің орташа есеппен 3% деңгейінде өсуін болжап отыр. Бұл мемлекеттік бағдарламаларға және өндіріш саланың өсуіне байланысты. Сондай-ақ, S&P сарапшыларының болжамы бойынша, жаңа салық кодексінің арқасында мемлекеттік кіріс біртіндеп артады. Салық кодексі төнгерісіндікті азайтып, салық базасын ұлғайта және қазынаның шоғырлануына ықпал ете отырып, ерекше жағдайлар мен артықшылықтарды онтайландыру арқылы кірістерді молайтады. Бұдан басқа, теңгенің тұрақтануы, сондай-ақ ҚР Ұлттық банкі өткізген түрлі шараның нәтижесінде экономиканы долларсыздандыру жалғасында. «Тұрақты» болжамы S&P болжамы айқындалды: алдағы екі жылда мемлекеттік және сыртқы баланстар тұрақты болады.

▶ АВТОКӨЛІК

ЖЕҢІЛ АВТОКӨЛІК ҚҰРАСТЫРУ КӨРСЕТКІШІ ОСТІ

Қазақстанның автокөлік өндірісі қарқынды дамып келеді. Тек бытырдың өзінде жеңіл көлік құрастыру 72 пайызға өскен.

Нәтижесінде бұл саладан түсетін табыс 185 миллиард теңгеге жетті. Өскеменде жылнама 60 мың автокөлік шығаратын зауыт салынып жатыр. Ол іске қосылғанда көрсеткіш тағы еселенсе түспек. Жаңа автозавыт Өскеменнің шетінде салынады. Ол үшін арнайы 500 гектардан астам жер бөлінген. Бүгінде делін оның ақмшілік нұмары көй бөтерді. Бытыр күзден бастап өндірістің іргетасы қаланып жатыр. Құрылысшылар дәл қазір дәнекерлеу және сырлау бөлігін тағанын тұртуға кіріскен.

▶ ЦИФРЛЫ ҚАЗАҚСТАН

СЫМСЫЗ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ДАМУЫПТАҚ

Франция мен Италияның бірлескен «Thales Alenia» компаниясы Қазақстанмен ығымақтастықты дамытуға ниеті екендігін білдірді.

Спутниктер салу саласында әлемдік көшбасшы саналатын бұл компанияның болуы бәсеке. Қазіргі таңда Қазақстан Франция-Италия бірлескен кәсіпорнымен қолан-қолтық жұмыс істеп келеді. Еліміздің бүкіл телекоммуникациялық спутниктері осы компанияның қатысуымен шығарылған. «Thales Alenia» өкілдері жанағарыш аппараттары еліміздің барлық салаларын цифрландыруда жеделдетініне сенімді.

Жер ауданы бойынша 9-орында, ал халық саны жағынан тек 62-орында тұрған Қазақстан үшін сымссыз технологияны дамытудың маңызы зор.

▶ ЭКСПОРТ

БИДАЙ САТУ КӨЛЕМІ ҰЛҒАЙДЫ

Был екі айда Ақтау теңіз портындағы астық терминалынан 170 мың тонна бидай экспортталған.

Бұл өткен жылдағы осы уақытпен салыстырғанда үш есеге көп. Солтүстік Қазақстан, Костанай және Ақмола облыстарында өсірілген астық бүгінде Иран мен Әзербайжанда үлкен сұранасқа ие. Терминал басшылары наурыз бен сәуір айларына жасалған келісімшарттардың арқасында жарты жылдық жоңарды 4 айда орындаймыз деп отыр. Бытыр Ақтау порты арқылы Иранға 818 мың тонна бидай тасымалданып, рекордтық көрсеткішке ие болған еді. Көрші мұсылман елі қазақ астығын жылдағыдан 300 мың тонна артық сатып алған.

Былғы жаңа жыл табысты басталды. Биыл дәнді-дақылдардың ішінде әсіресе арпаға деген сұраныс жоғары. Алдағы үш айда жоғары қарқынмен жұмыс істеп, жаза бір айға жөндуге жабылатын болады. Тамыз айынан бастап жаңа маусымды бастап кету жоспарда тұр. Биыл да астықты теусейде тасымалдау жоғары көрсеткішке ие боламыз деген жоспар бар.

▶ БАЙЛАНЫС

ИРАН НАРЫҒЫНА ШЫҒУ ЖЕҢІДЕМЕК

Иран билігі қазақстандық кәсіпкерлер үшін қолайлы жағдай жасауды көздеп отыр. Экспорткерлердің өз өнімдерін бұл елдің нарығына шығуы жеңілдегені.

Иран мен Қазақстан түрлі салаларда бұрыннан бері тығыз қатынас орнатқан сенімді серіктестер. Жыл сайын байланысымыз нығайып келеді. Иранды ең алдымен еліміздің ауыл шаруашылығы мен пайлалы қабаларын өндіру салалары қызықтырып отыр. Осы мақсатта кәсіпорындарының жұмысымен танысатын инспекциялық топтарды жіберем. Жылдан жылға ауа райының кесірінен Иранда астық өнімділігі төмендеп келеді, сол себептен шетелдерден көмек іздеуге мәжбүр. Осы елдердің тізімінде Қазақстан алдыңғы орында тұр.

Нұрлан ҚҰМАР

▶ ЕЛБАСЫ ЖӘНЕ ЕЛ МҰРАТЫ

Әлеуметтік қамқорлық жаңа деңгейге көтеріледі

> [1]

Мұндай отбасылардан жәрдемақы алу үшін міндетті жұмысқа тарту шараларына қатысу талап етілмейді. Ал шартты ақшалай көмек құрамында ас дегенде бір еңбекке қабілетті мүшесі бар отбасыларға, әлеуметтік келісімшартқа отыру және еңбекке қабілетті адамдардың бәрі жұмысқа тарту шараларына қатысқан жағдайда беріледі. Әлеуметтік келісім-шартқа қол қойған кезде екі жасқа дейінгі мүшесі бар отбасыларға, әлеуметтік мекеме жұмысқа тарту шараларымен қамтамасыз етсе, ал отбасының еңбекке қабілетті мүшесі осындай шараларға қатысуы міндетті. Яғни, жұмыссыз жүрген адамға ақшалай жәрдемі тектен-текке бере салмай, оған жұмысқа тұруға көмектеседі, неше түрлі қайта даярлау және біліктілікті арттыру курстарынан өтуге жібереді. Президентінің әлеуметтік көмек ең зәру адамдарға ғана беріледі деген тапсырмасы осылайша жүзеге асырылуда.

Бұл ретте айта кетерлігі, төменгі күнкөріс шегі өмір деңгейін бағалау, келісілмейтін анықтау үшін тағайындалады және ең аз зейнетақы, жалақы, жәрдемақы және басқа да әлеуметтік төлемдері есептеу кезінде негізге алынады. Ал, тұтыну себептінің құрамына қарап сол елдегі тұрмыс деңгейін, әлеуметтік ахуалды бірегей білуге болады. Оның құрамы неғұрлым бай әрі мөлшері жоғары болған сайын сол елдегі өмір сүру деңгейі де жоғары деген сөз. Әлемнің түрлі елдеріндегі тұрмыс деңгейіне сәйкес келетін тұтыну себепті адамға, отбасына ең қажетті тауарлардың, қызметтердің сомалық құнын ретінде әрбір айдағы нақты бағаларға сәйкес есептеледі. Мәселен, Қазақстандағы тұтыну себепті 43 түрлі өнімнен тұрады, оның 60%-ы азық-түлік және қалған 40%-ы өзге тауарлар мен қызмет түрлерін қамтиды. 2018 жылдың маусым айында бұл көрсеткіш 27 850 теңге болды. Бір жылдың екі айындағы тұтыну себептінің мөлшері бірдей болуы мүмкін емес, әсіресе, Қазақстан сияқты шикізат бағамына тәуелді мемлекеттерде баға күн сайын өзгермелі болатыны түсінікті. Салыстырғанда болсақ, 2018 жылғы Ресейде тұтыну себепті – 10 мың рубль (53 мың теңге), Германияда – 1498 евро немесе 614 522 теңге болды.

Еліміздегі тұтыну себепті құрамында азық-түлік үн, нан өнімдері, күрші, қарақұмық, жарма, көкөністер, ет, жеміс-жидек түрлері, сүт өнімдері (барлығы – 43 ату), қалғаны өзге төлемдер. Өзге төлемдер демекші,

Қазак Тұтыну одағы сарапшыларының мәліметтері бойынша, коммуналдық қызметтерін орташа құны қыстықүні ең аз жалақының 47%-ын (10 мың теңге) құрайды және үлкісіз көтеріліп отырады. Ал, жалақының азық-түлікке жұмсалатын бөлігін келсек, тек ең басты тағам түрлерінің өзі орташа есеппен жыл сайын 13-14%-ға қымбаттайды. Көім-кешекті уақтылы жанартып

жынысына қарамастан барлық саладағы: білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, мәдениет, спорт болсын, игіліктерге бірдей, тең дәрежеде қол жеткізуге ықпал ететін стандарттарды ретке келтіру әлеуметтік жәрдемақыларды нақты жағдайға сәйкестендіруге ықпал етеді.

Осы орайда мемлекет тарапынан әлеуметтік теңсіздікті төмендетуге

Оның ішінде орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі ауысымда оқитын балалары бар отбасы баласы білім беру ұйымын бітірген уақытқа дейін (23 жасқа толғанға дейін) осы санатқа кіреді.

Президент тапсырмасына сәйкес, 2019 жылдың 1 шілдесінен бастап ас қамтылған отбасындағы балаларға 20 789 теңгеден беріледі. Егер төрт баласы бар ананың табысы 50 мың теңге болса, жан басына шаққандағы кіріс 10 мың теңгеге құрайды. Сонда 1-сәуірден бастап, төрт бала асырап отырған ана 93 945 теңге алатын болады. Осылайша атаулы әлеуметтік көмек 3,9 есе көбейеді. Атаулы әлеуметтік көмекті қосқанда жалпы табысы 143 945 теңгеге құрайды. Бірақ, отбасының жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70 пайызынан, яғни 20 789 теңгесі 10-15 теңге асып кетсе ол отбасы әлеуметтік аз қамтылған деп саналамыз.

Сонмен, жаңа әлеуметтік шаралар барысында өзгерістер көп болмақ: атаулы әлеуметтік көмек «Е-халық» ақпараттық жүйесі арқылы көрсетіледі. Жәрдемақы тағайындау кезінде құжат жинау рәсімдері оңайлатылады, яғни 2019 жылдың 1 шілдесінен бастап отбасы мүшелерінің жеке бас құжаттарын ғана ұсыну жеткілікті. Сондай-ақ көп балалы аналар мен мүгедек баласы бар отбасыларға кәсіпкерлікпен айналысу үшін шағын несиелер беру, сұранысқа ие мамандықтарға оқыту және басқа нақты шаралар жоспарланып отыр.

Осы орайда Үкімет азаматтардың жекеден санаттарын әлеуметтік қолдауды күшейту үшін 224,3 миллиард теңге бөліністің мәлімдеді. Бұдан бөлек, көпбалалы және аз қамтылған, табысы төмен, мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеу отырған отбасыларға 40 мыңнан аса жаламалды пәтер салынады. Сондай-ақ, Қазақстанда «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің» жұтесі арқылы 2-3 пайызбен баспана қарызын беру қарастырылып отыр. Осылайша, халықтың өмір сүру сапасын арттыру және әлеуметтік қолдауларды күшейту шаралары кешенді түрде кезек-кезекпен енгізілімек. Әдетте, аз қамтылған және көп балалы отбасылар қолдау берудің әл-ауқатын көтерудегі айтулы қалам болмақ. Халықтың өмір калпын, тұрмысын жоғару ең ішінің бүтіндігі мен амандығын келіп, уақытың өзі осы өзгерісті керек қылып отыр.



отыру қажеттілігі тағы бар. Ал, осы азық-түліктің басым бөлігі шетелден келетінін ескерсек, тұтыну себептінің мөлшері мен құрамы нақты жағдайды ескере отырып жасалуы қажет. Өйткені, адамдардың сатып алу қабілеті төмен болуы және мұқтаждықтарын барынша шектеуі олардың денсаулық жағдайына, өмір сапасына, бала тәрбиесі мен денсаулығына зардабын тигізеді сөзсіз. Мұны еліміздегі ең аз қамтылған отбасылар мен неғұрлым ауқатты отбасылардың азық-түлікке жұмсайтын шығындары арасындағы айырмашылықтың 4-5 есесін құрайтыны-ақ көрсетіп тұр (ресми деректер). Сондықтан елдегі экономикалық дағдарыс, инфляция және басқа қиыншылықтарды ескере отырып, ең аз жалақы, күнкөріс шегі, айлық есептік көрсеткіш сынды минималды стандарттарға өзгеріс енгізіп отыру әлеуметтік саясаттың мақсатты бағытталғанын арттыра түспек. Азаматтардың мәртебесіне,

және аз қамтылған азаматтарға көмек көрсету шаралары тұрақты түрде жүзеге асырылатынын айту орынды. Мәселен, жуырда Үкіметте Елбасының төрағалығымен өткен әлеуметтік саясатты іске асыру мәселелері жөніндегі кеңесте Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға және тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған шараларды сапалы жүзеге асырудың маңыздылығын атап өтті. Жинғына қатысушылардың баяндамасын тыңдаған соң, Қазақстан Президенті әлеуметтік жағынан аз қамтылған және көп балалы отбасылар мемлекеттің қамқорлығын жақын арада сезінуге тиіс екенін айтты. «Үкіметке көпбалалы отбасыларға көрсетілетін көмектің талаптарын күнкөріс деңгейінің 70 пайызына (14 849 теңгеден 20 789 теңгеге) дейін көтеруді тапсырамын» деді Мемлекет басшысы. Мұндағы көп балалы отбасы дегеніміз көмектеке толмаған төрт және одан да көп баласы бар отбасылар.

▶ АЙМАҚ ТЫНЫСЫ

Оңдасын ОРАЗАЛИН: Біз жас ұрпақты еңбексүйгіштікке тәрбиелеуіміз керек

Жуырда Ақтөбе облысының әкімі Оңдасын Оразалин жұмыс бабымен Мәртөк ауданына барып, бірқатар өндірістік нысанларда болды, дене шынықтыру-сауықтыру кешінің құрылыс барысымен танысты, тұрғындармен кездесті, деп хабарлады Ақтөбе облысы әкімінің баспасөз қызметі.

ЕРНАР ОРМАНОВ

Ауданның ең ірі өндірістерінің бірі – өңдеуші зауытқа күн сайын 26,5 тонна сүт жеткізетін «Айс» ЖШС сүт тауарлы фермасы болып табылады. Облыс әкімі өндіріс процестерімен және шіркілдіру элементтерімен, өндірілетін тауарлар көрмесімен танысты. Бұдан басқа, өңір басшысы жүгері мен жоңышқадан дайындалатын мал азығын өсіретін, дайындайтын және сактайтын «Милкер» ЖШС жобасының жүзеге асырылу барысы жайында ақпарат алды. Аталмыш жобаның 2020-2022 жылдарға арналған екінші кезеңінде 1600 бас ірі қара малға арналған сүт тауарлы фермасы құрылады. Кейін «Айс» ЖШС аумағында облыс әкімі мен

ауданның ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілермен кездесті.

Тұрғындармен кездесу Достық үйінің ғимаратында өтті. Еркін әңгіме түрінде өткен шара кезінде аудан тұрғындары облыс әкіміне проблемалық сұрақтарын қойды. Аудан орталығында Достық сабағынан салу туралы өтініштер айтылып, көлік жолдарының сапасы, қар шығару, мал жайтын жайылдың жерлерін ташпылығына байланысты сұрақтар көтерілді.

Облыс әкімі сондай-ақ, аудан басшылығына Елбасының «Nur Otan» партиясының соңғы съезінде қойған міндеттерін сапалы жүзеге асыру үшін қажет барлық шараларды қабылдауды тапсырды.

«Біздің облыстағы 13400 отбасында төрт немесе одан да көп бала тәрбиеленуде. Мәртеп ауданында сондай 424 отбасы бар. Олардың бәрде аса мұқтаж емес, бірақ осыларды бар және оларға көмектесу керек. Мемлекет көпбалалы отбасыларды қолдау жағын барынша күшейтіп жатыр, алдағы соған иек арып отыра бермеген жөн. Елдің лайықты азаматы болып өскен маңызды. Жәрдемақимен күн көрмей, өз бетімен еңбектену үшін



білім, кәсіп алу керек. Біз жас ұрпақты еңбексүйгіштікке тәрбиелеуіміз қажет», – деді облыс әкімі.

Жұмыс сапары дене шынықтыру – сауықтыру кешінің құрылыс барысымен танысумен жалғасты. Сендичиті панелдермен жабу үшін қазіргі таңда металл қанқасы орнатылған. Алаңы 25x9 метрлік бассейні, спорттың ойын түрлеріне, күресуге және жаттығуға арналған залдары бар кешеннің құны 323 млн теңге.

Өңір басшысы құрылысты биыл аяқтау үшін уақытында қаржыландыру

мәселесін бақылауға алатынына уәде берді. Жұмыс сапарының соңында облыс әкімі «Ээр» мүйізбен емдеу шипажайы мен марап өсіру шаруашылығына болды. Бүгінде мүйізбен емдейтін шипажайдың 700 гектар жерінде 160 марап бар. Мал азығын дайындау туралы сұраққа марап өсірушілер астық пен шөпті жергілікті шаруалардан сатып аламыз деп жауап берді. Бұдан басқа олар осы жылдан бастап емдеу шипажайы жанынан мүйізді өндіретін фармацевт ашылғандығын айтты.

БИЗНЕС&ҚОҒАМ

▶ АГРОКЕШЕНДІ ЦИФРАНДЫРУ

Сандық алқаптарда өнімділік артуда

> [1]

Қазірде еліміздегі шаруашылықтар шартты түрде: негізгі, озық және цифрлық ферма болып жіктеледі. Негізгі деңгей АӨК бағдарламасы аясында барлық егістіктерді цифрлау арқылы қамтамасыз етілген. Ендігі мақсат базалықтан – озықтар қатарына қосылып, одан әрі цифрлық ферма деңгейіне жету. Шаруа осындай сандық эволюцияның бүкіл тізбегін пайдалана алады. Ал әкімдіктер мемлекеттік қолдау шаралары арқылы цифрлық дамуға көмектесіп, 2022 жылға қарай әрбір өңірде кемінде бір цифрлық ферма құрулары керек.

Дәлме-дәл егіншілік элементтерін енгізу фермерлерге өндірістің тиімділігін айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік береді. Мұндай элементтерге алқаптардың электрондық карталары, нақты метеодеректер, ғарыштық мониторинг, сенсорлар мен датчиктер, басқа да шешімдер жатады. Өнімділікті арттыруға агрохимияны, тұқым шаруашылығын, аграрлық ғылымды жақсарту, технологиялық операциялардың уақтылы іске асырылуы мен олардың сапасы, датчиктерді пайдалану, табиғи факторларды есепке алу есебінен қол жеткізуге болады, бұл шығынды кемінде 25%-ке төмендетуге мүмкіндік береді. «Ақылды» фермаларды енгізумен жануарлар басына мониторинг жүргізуге, табындарды, жылыжайларды басқаруға, онлайн-режимде шығыстарды есепке алуға және талдауға болады. «Ақылды» фермалар адам еңбегін барынша азайтады. Дәлме-дәл егін егудің арқасында егін ету мен жинауға онтайлы уақытты, «ақылды» суаруды және тынайықтарды пайдалануды, зиянкестер мен арамшөптерді бақылауды болжау үшін технологияларды қолданумен өнімділікті арттыруды қамтамасыз етуге болады.

Саланы цифрландыру аясында А.Бареев атандағы астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы тәжірибелі егістіктерде



нақты егіншіліктің озық инновациялық технологияларын енгізіп жатқаны мәлім. Өткен жылы орталық базасында 3 мың гектар жерге дәлме-дәл егіншілік тәжірибесі енгізілді. Германия тәжірибесімен басалған жоба аясында жаздық бидай негізінде дәлме-дәл егіншіліктің ресурс үнемдеу технологиялары дестүрлі егіншілікпен салыстырмалы түрде қарастырылған. Дәлме-дәл егіншілік полигондары бойынша орташа өнімділік гектарына 25,4 центнер болса, дестүрлі егіншілік технологиясымен егілген егіннің өнімділігі гектарына 18,7 центнер құрады. Ал Ақмола облысы мен Шортанды ауданында дестүрлі егіншілікті қоса алғандағы орташа өнімділік сәйкесінше 12,2 және 12,7 ц/га құрады.

Гылыми-өндірістік орталықтың бас директоры Кенже Абдуллаевтың айтуынша, орталықта селекциялық зерттеу жұмыстары қарқынды жүргізіліп, дөңі, бұршақты, жарма дақылдары сурпының экологиялық тұрақтылығы қамтамасыз етілуде. Қазіргі кезде орталықта 17 дақыл бойынша селекциялық жұмыс жүріп жатыр. Сонымен бірге тары, қарақұмық, сулы, асбұршақ, жасымық, бидайық сияқты дақылдардың селекциясын зерттеу бойынша бұл орталық – еліміздегі жалғыз мекеме. Жыл сайын мұнда ауыл шаруашылығы дақылдарының 90 мың үлгісі зерттеліп, 2 мыңға жуық бұдан-дастыру комбинациясы іске асады. Қазір орталық дайындалған жобаларды негізін сөзлестік және орталық аймақтардағы шаруашылықтар пайдалануда. Мысалы, орталық әзірлеген

жаздық бидай сорттары ел аумағында себілетін отандық селекцияның 63%-ін құрап отыр.

Ғылыми-өндірістік орталық қызметкерлерінің зерттеу нәтижелерінің бірі – «Дамса-2017» қатты бидай сорты. Жана бидай сурпының басты ерекшелігі – төзімділігінің жоғарылығы. Аталған бидай сортына Солтүстік Қазақстан облысында сынақ жүргізіліп, гектарынан 46,3 центнер өнім алынды. Мұндай жетістікке қол жеткізу үшін біршама уақыт жұмсалды. Бүгінгі таңда Солтүстік Қазақстан облысында 4,6 млн гектар егістік цифрландырылған. Негізгі санаттағы дәлме-дәл егіншілікке 1,9 млн гектар аумақпен 107 шаруашылық енгізілді. Озық санатқа аумағы 326 мың гектарды құрайтын 7 шаруашылық кірді. Цифрландыру элементтері 10 аймақтағы 10 мал шаруашылығы қожалығында қолданылуда.

▶ АҚЫЛДЫ ҚАЛА

Зияткерлік көлік жүйесі құрылады

Дамыған көлік жүйесінің заманауи қаланы елестету қиын. Озық көлік инфрақұрылымын қалыптастыру, оның ішінде жоғары техникалық жабықтау мен қызмет көрсету шаһардың ғана емес, жалпы ел дамуының көрсеткіші болып табылады.

Тиімді және қауіпсіз қызметтерді ұйымдастыру арқылы бірінші бақыланатын, талданып, реттелетін көлік жүйесін құру кез келген елдің немесе аймақтың экономикалық өсуіне тікелей пропорционалды болады. Экономикалық өсу жана жолдар мен автомобиль жолдарын салу және қозғалысты басқарудың зияткерлік жүйелерін енгізу міндеттерінің жүзеге асырылуына байланысты. Осы ретте қозғалысты басқарудың интеллектуалды көлік жүйесі (ITS) – ұтқырлық пен қол қозғалысы қауіпсіздігін индикаторын ұлғайту арқылы тағымалдауды жақсартуға арналған техникалық әзірлемелердің кен ауқымнан қамтиды. Жүйенің мақсаты – қауіпсіздік пен тиімділікті арттыруға бағытталған көлік инфрақұрылымын, көлік құрылғыларын және пайдаланушыларды заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен жүйелік ықпалдастыру. Қалалық инфрақұрылымға



ITS жүйесін терең енгізу арқылы жүргізушілер мен жаяу жүргіншілер үшін тиімді де қауіпсіз орта құрылады.

Бүгінде интеллектуалды көлік жүйесі кез-келген заманауи қаланың логистикасын басқару құрылымының міндетті элементі саналады. Ол көлік құралдарының есебін автоматты режимде жүргізуге мүмкіндік беріп, алынған деректер негізінде жүктемесі көп учаскеде басым бағытты өткізу шешімін қабылдайды. ITS инфрақұрылымынан, көлік құралдарынан, жүйеге қатысушылардан, сондай-ақ жол-көлік реттеуден тұрады.

Сонғы 3 жылда бас қалада ITS жүйесімен 443 бағдарламалық объектілерінің 107 данасы қамтылып, оның өзін оң нәтижесін тез көрсетті. Мысалы, жергілікті учаскелерде ITS қолданы отырып, көлік ағымы жылдамдығы 18%-ке, өткізу қабілеті 40%-ке ұлғайды. Көше-жол желісінде бағдарламалық реттеуді жетілдіруді әлемдік озық тәжірибесін қолданы отырып, қалада қызыл түсті қосу белгісі «+» бар бағдарламаның қосымша секциясы орнатылды. Олар қарама-қарсы қозғалысқа тыйым салынғанын хабарлауға арналған. Бұл кедергісіз солға бұрылулы жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сөйтіп, көлік құралдарының өткізу қабілетіндегі қозғалыс тиімділігі артады. Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасынан белгілі болғандай, ағымдағы жылдың соңына дейін ITS жүйесіне 31 бағдарламалық қосылды. Сондай-ақ 48 ақпараттандыру таблосы, 130 радиолокациялық детектор орнатылады. Бұдан бөлек, 9 жол қиылысында 87 бейнедетектор, 27 бейнебақылау камерасы орнатылды. Бұл жалпы көлік ағынына әсер ететін негізгі көлік тораптары қамтуға, қолданыстағы көше-жол желісін жүктемесін біркелкі бөлуге және оның өткізу қабілетін арттыруға мүмкіндік береді.

НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

▶ КӨШБАСШЫ

УРАННЫҢ КӨПШІЛІГІ ҚАЗАҚСТАНДА ӨНДІРІЛЕДІ

Былтыр әлемде өндірілген табиғи уранның 22 проценті Қазақстанға тиесілі. Нақтырақ айтсақ, «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы 2018 жылы 21 705 тонна уран өндірді.

Бұл туралы компанияның «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ басқарма төрағасы мәлімдеді. Оның айтуынша, бұл 2017 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 7 процентке төмен. Ал биыл «Қазатомөнеркәсіп» 22 мың тонна уран өндірді. Өткен жылды қорытындылаған компания басшысы тағы бірқатар көрсеткішті жіпке тізді. Мәселен, компания қазынасына түскен таза пайда 380 миллиард теңгеге жеткен. Бұл 2017 жылмен салыстырғанда 173 процентке көп.

Өткен жылы компанияның тарихындағы табиғи уран сатылымын рекордтық деңгейге жетті. Осылайша бұл ең ірі уран өндіруші ғана емес, әлемдегі табиғи уран сатылымы бойынша да көшбасшы болды. 2018 жылғы уран сатылымы 2017 жылғы көрсеткіштен 65 пайызға асып түсті.

▶ ӘЛЕУМЕТ

ЭНЕРГИЯНЫ ҮНЕМДЕУДІҢ ЖАҢА ТӘСІЛІ

Қазақстандағы 80 әлеуметтік нысан бір жылда 1 миллион доллар көлемінде қаражат үнемдеуі тиіс.

Мамандар осыдан бірнеше жыл бұрын Дүниежүзілік банктің қолдауымен еліміздегі 42 мектеп, 23 бекбай мен 12 медициналық мекемеге жасыл технология енгізілгенін айтады. Осының арқасында тың жүйеге қосылған нысандар электр қуатын біртіндеп үнемдеп жатқан көрінеді. Қазір бір мекеменің өзі орта есеппен жылуды 30 процентке, ал қуат көзін 15 процентке аз шығындығын болған. Айталық, жасыл технологияға негізделген Қарағандыдағы мектеп бір жылда 1 миллион теңгені, ал Әулиеқол ауданындағы аурухана 17 миллион теңгені үнемдеді.

Пилоттық жоба сәтті жүзеге асып жатыр. Қазіргі өзіне кейбір аймақ басшылары бұл жүйені қолланып көргілері келеді. Өткенге әлеуметтік нысандарға жасыл технологияны енгізу арқылы бюджеттен бөлінген қаражатты үнемдеп, оны басқа салаларды дамытуға жұмсауға болады. Бұл жүйенің артықшылығы осыдан көрініп тұр.

▶ БӨРЕКЕЛДІ!

АЛТЫН ӨНДІРУ ҚОЛҒА АЛЫНАҚ

Қазақстанда алтын өндіретін тағы бір кәсіпорын ашылды. Алматы облысының Сарқан ауданында алтын өндіретін фабрика адығы көктем мезгілінің соңы айына өз жұмысын бастайды.

Бұл туралы аудан әкімі Марат Разбеков Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында айтып, Алтын өндіретін кәсіпорын Балқаш көлінің жағалауында орналаспақ. Жана жобаға 1,6 миллиард теңге инвестиция тартылды. Сарқан ауданының әкімі Марат Разбековтың айтуынша, зауатқа бүгінгі күні барлық техникалар алынып, дайындық жұмыстары пысықталуда.

Аудан экономикасы былтырғы жылы қарқынды даму көрсеткіштеріне қол жеткізіп, бірқатар зауат іске қосылды. Өнеркәсіпті алға жылжыту шеңберінде 2019 жылға да жобалар өте көп. Соның бірі – алтын шығару зауаты. Ол өз жұмысын бастаса, 60-қа жуық адам вахталық жұмыспен қамтылмақ. Қазіргі таңда алтынның сынамалары алынды, олар зертханаларда тексеріліп, оң нәтижелер көрсетуде.

Жалпы алғанда, Сарқан ауданының бюджет кірісі 1 миллиард 334 миллион теңгені құрап, былтырғы жылмен салыстырғанда 107 пайызға өскен. Ауыл шаруашылығы бойынша өндірілген өнім көлемін 35 миллиард теңгеге жеткізу көзделіп отыр. Биыл 2850 гектарға қант қызылшасы себілді. Өнеркәсіп өндірісінің көлемін 4 миллиард 90 миллион теңгеге жеткізілмек. Көктем айларында Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласына сәйкес Тополька ауылында «Сиверс» алмасының гүлденуіне арналған фестиваль ұйымдастырылады.

▶ ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ КАРТАСЫ

ӨНДІРІС ҚУАТТЫЛЫҒЫН ҰЛҒАЙТПАҚ

Шымкенттегі кілем тоқитын кәсіпорын өндіріс қуаттылығын келесі жылы 5 миллион шаршы метрге дейін ұлғайтуды жоспарлап отыр.

«Индустрияландыру картасы» бағдарламасы аясында іске қосылған кілем тоқу фабрикасы бүгінде үшінші кезеңдегі жұмысын бастады. Өндіріс орнында қазір 10 тоқыма қондырғысы бар. Оның үшеуін компания осы жылғы кезеңде іске қосқан. Фабрика бүгінде еліміздегі ең ірі өндіріс орындарының сапына көтерілді. Кәсіпорын кілем тоқумен қатар, полипропилен жіптерін өздері дайындап нұрмен айналысады. Кәсіпорын жылына шамамен 3 миллион шаршы метр кілем өнімдерін шығарады. Бұған қоса 3 мың тоннаға дейін полипропилен жібін өндіріп, оны бояп, қажетті деңгейде иріп кілемге пайдаланады. Текстілі өнімнің 23 проценті экспортқа жөнелтіледі. «Қазақстанда жасалған» белгісімен шығатын отандық өнім көрсетіле Ресей, Қырғызстан Тәжікстан және Әзірбайжан елдеріне саудаланады. Жалпы тоқыма фабрикасындағы қызметкерлердің 70 пайызына жуығын жастар құрап отыр.

БИЗНЕС&ҚАРЖЫ

ШОЛУШЫ БАҒАНЫ



Ақпараттың гасырына аяқ бастық...

Ілгері озған заман әбжілдік пен көз ілеспес шапшаңдыққа негізделетін ғылыми-техникалық төңкерістің кезекті кезеңі — ақпараттық-коммуникациялық технологиялар дәуіріне түйк іліктірілді.

Дамыған елдердің көпшілігінде ақпараттық даму стратегиялары, кешенді бағдарламалары әзірленіп, іске асырылуда. Бұрынғы кеңестік кезеңіне қарағанда мұндай бағдарламалардың саны артты.

Ақпаратты қоғам құруға және әлемдік ақпараттық қоғамдастыққа кіруге қоюшы болып табылады. Біздің елімізде ақпаратты қоғамның құрамдас бөліктерінің бірі — «электрондық үкіметті» қалыптастыру мен дамыту іске асырылды.

Ақпаратты қоғамға қошу саясатының тиімділігі ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың кенінен қолдану және электрондық қызметтер көрсету бойынша бизнес пен мемлекеттің күш-жігерін шоғырландыруға байланысты.

Ақпараттық қоғамға қошу саясатының тиімділігі ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың кенінен қолдану және электрондық қызметтер көрсету бойынша бизнес пен мемлекеттің күш-жігерін шоғырландыруға байланысты.

Уақыт талабына жауап беру үшін қара шаңырақ — «Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде» өткен жылы ақпараттық технологиялар факультеті ашылды.


САЛЫҚ ТҮСІМДЕРІ

Екі айда 53,5% өскен

2019 жылдың бастапқы екі айында Ұлттық қорға түсімдер өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 53,5%-ға артқан.

ИСАТАЙ ҚАМБАРОВ

Айта кету керек, жер қойнауын пайдаланушылардың 2018 жылдың төртінші тоқсанындағы негізгі салықтары ақпаннан соңында төленген (1-диаграмма).



Ақпарат көзі: ҚР КМ

(76,3%) КТС (корпоративтік табыс салығы) еншісінде және мұнай секторында жасалған келісімшарттарға сәйкес өнімдерді бөлу жөніндегі ҚР үлесіне тиесілі.

1-таблица

Table with columns: мауна, 01.01.2019, 01.01.2019, өс./әс., 2018, 2019*, өс./әс., 2018, 2019*, Орынб., 2019/2018. Rows include: Салық түсімдері, Мұнай салығы, Мұнай секторы, Шағын өнеркәсіп, Мұнай секторы, Салық бойынша ҚАРЫЗЫ, Өткеннің қалыптасуы, Үлгі түрлері бойынша ҚАРЫЗЫ.

Ақпарат көзі: ҚР КМ

есе асып түсіпті. 2019 жылдың бастапқы екі айында Ұлттық қор 584,0 млрд теңгеге толыққан, бұл өткен жылдың осындай кезеңіне қарағанда 53,5%-ға асып түскен.

Осындай қарқын сақталатын болса, 2019 жылғы салықтар бойынша Ұлттық қорға қорытынды түсімдер өткен жылғы көрсеткіштерден асып түсіп, 3 400 млрд теңгені құрауы мүмкін (1-таблица). Түсімдердің өсуіне

сондай-ақ мұнайға бағаның жоғары болуы және шикізат экспортының артуы да мүмкіндік беруі жокқа шығарылмайды. Мәселен, ағымдағы жылдың қаңтар-ақпанында Каспий құбыр консорциумы (ККК) 10,5 млн тонна мұнай экспорттаған, бұл 2018 жылдың осындай кезеңіне қарағанда 11,3%-ға (немесе 9,4 млн тонна) артық деген сөз.

Сонымен бірге 2019 жылғы ҚР бюджетінде АҚШ долларының бағамы бір долларға 370 теңге болды деп қарастырылған, ал мұнайдың құны бір баррельге 55 долларға дейін төмендетіліп болжаланған. Қаржылық баға жағдайында Ұлттық қорға салық түсімдері үкімет тарапынан 2 274,5 млрд теңге деңгейінде болды деп болжаланған.

Дегенмен, екі айда Ұлттық қордың 430,6 млрд теңге қаражаты — 430,0 млрд теңгесі келіпдендірілген трансферт түрінде және 0,6 млрд теңгесі қорды басқаруға қатысты шығындары жабуға жұмсалды.


СЫРТҚЫ ФАКТОР

1-8 наурыз аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу*


7 наурыздағы сауда-саттық қорытындылары бойынша теңгенің нарықтық бағамы бір АҚШ доллары үшін бір апта ішінде 0,9%-ға әлсіреп (375,9-ден), 379,42 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюталық нарықта 2019 жылғы 1 наурыздан 8 наурыз аралығында неғұрлым маңызды оқиғалар Австралия, Канада және ЕОБ-нің негізгі мөлшерлемені бұрынғы деңгейде сақтау туралы шешімі, ЕОБ-нің банктарға арналған нысаналы ұзақ мерзімді кредиттердің жаңа топтамасын жария етуі, желтоқсан айында АҚШ-тағы саудасаттық тапшылығының ұлғаюы, қаңтар айында Қытайда экспорттың айтарлықтай қысқаруы (-20,7%/г) туралы статистиканы жария ету, АҚШ-тың еңбек нарығындағы бірқелкі емес деректердің шығуы: соңғы жарты жыл ішінде жұмыс орындары санының ең аз өсуі (+20 орын), жұмыссыздық деңгейінің 3,8%-ға дейін төмендеуі және жалақының ақпанда 3,4%-ға ұлғаюы болды.

Дамушы елдердің валюталары бағамдарының АҚШ долларына қарағанда өзгеруі, % (2019 жылғы 1-8 наурыз аралығында)



Дамушы елдер валютасының серпіні (22 ақпан 2019=100, индексін өсуі — валютаның нығаюуы)



сыйнда 0,6%-ға (65,92-ден 66,34-ке дейін) әлсіреді; Мексика песосы ақпанда (3,94% г/г) инфляцияның ба-...

Түсімдердің өсуі арқасында Ұлттық қор екі айда 153,4 млрд теңгеге (+0,6%) 25 539,8 млрд теңгеге дейін артқан.

Атап айтқан жөн, бюджеттің Ұлттық қордан трансферттерге тәуелділігін қысқарту мақсатында, 2021 жылдан бастап келіпдендірілген трансферттің көлемі екі трлн теңге деңгейінде белгіленетін болады.

Тағы мынаны да айта кету қажет, Ұлттық қордан республикалық бюджетке келіпдік берілген трансферт көлемі кезең-кезеңмен азайтылады. Мысалы, 2018 жылы келіпдендірілген трансферт көлемі 2,6 трлн теңгеге тең болса, 2019 жылы келіпдендірілген трансферт көлемі 2,45 трлн теңге құрамақ, 2020 жылы — 2,3 трлн теңге, ал 2021 жылы — 2,0 трлн теңге құрайды.

Ағымдағы жылғы республикалық бюджетке сондай-ақ былтырғы жылы болмаған мақсатты трансферттер түсуі күтілуде. Мәселен, президент Нұрсұлтан Назарбаевтың «Нұр Отан» партиясының съезінде айтылған әлеуметтік ұсыныстарына Ұлттық қордан үш жыл бойына 1 350 млрд теңге аударылмақ.

Премьер-министрдің бірінші орынбасары — қаржы министрі Әлихан Смайыловтың айтуынша, осы жылы аталған мақсатқа 447 млрд теңге аударылады. Сондай-ақ «Қазақстан инвестициялық даму қорын» құруға Ұлттық қордан 370 млрд теңге көлемінде мақсатты трансферт бөлінетін болады.

Айта кету керек, ҚР Парламент Мәжілісі «Қазақстан Республикасының 2019-2021 жылдарға арналған келіпдендірілген трансферттер туралы» заңын өзгерістер енгізу туралы» заң жобасын қарауда. Осы заң жобасында 2019 жылға келіпдендірілген трансферттің мөлшерін 2,70 трлн теңгеге дейін ұлғайту көзделіп отыр, дейді ҚКК Талдау орталығының сарапшылары.

лауы туралы деректерді жариялау аясында 1,1%-ға (19,27-ден 19,49-ға дейін) әлсіреді, ол ағымдағы жылы реттеушінің негізгі мөлшерлемені төмендетуі туралы инвесторлардың күтулерін есіре отырып, ОБ-нің нысаналы дәлізге (2-4%) кіреді;

• Түрік лирасы 1,3%-ға (5,37-ден 5,44-ке дейін) әлсіреді. ОБ қатарынан төрт отырыстың қорытындысы бойынша негізгі мөлшерлемені өзгеріссіз сақтап қалды (24%);

• Индонезия рупиясы жаңадан экономикалық өсу қарқынды баяулауына байланысты инвесторлардың қауіптенуі аясында 1,4%-ға (14 120-ден 14 314-ке дейін) әлсіреді;

• Оңтүстік Африка ранды ОАР басқарушы партиясының қазіргі уақытта жеке инвесторларға тиесілі Орталық Банкті мемлекет меншігіне алу негізінде аясында 1,5%-ға (14,23-тен 14,44-ке дейін) әлсіреді.

• Бразилия реалы жергілікті БАК Президент әйелдерінің ең аз зейнеткерлік жасын төмендету мүмкіндігін мойындағаны туралы хабарлауына байланысты зейнетке заң жобасының жетілуіне күннен күнге өсіп келе жатқан алаңдаушылық аясында 2,4%-ға (3,78-ден 3,87-ге дейін) әлсіреді.

* шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ашық дереккөздерінің негізінде апта сайын дайындайды.

** АҚШ долларына қарағанда көлемі жағынан неғұрлым көп сатылған дамушы елдердің валюталары.

БИЗНЕС&БИЛІК

↳ THE REAL POLITICS

The Nazarbayev phenomenon

The path traveled by a country within a particular time frame is often being identified with the period of its national leader's tenure as President or Prime Minister: his first 100 days, year in office. In the context of such a practice, the observers used to undertake a general overview of the work having been carried out by his administration or cabinet in the interim. Where are we going with this? The answer is simple: Over twenty five years have already passed since Kazakhstan gained its independence. This important period in the country's history has come to be associated with the name of the Kazakh leader Nursultan Nazarbayev.

KAIRAT AMREYEV

While being interviewed by zonakz.net in January 2019, Pyotr SVOIK, a political analyst and publicist, said: "And one more thing, that should be considered. What is currently the deep-seated basis for the Kazakhstani economy and stability? They lie not only in the abundance of natural resources (oil, ferrous and non-ferrous metals, uranium, tungsten and so on), but also in the fact that all this is being extracted by the foreign investors. That's just what is currently at the bottom of the Kazakhstani economy and stability. We are a unique State in such terms. You won't find another one like this anywhere else in the world. If a leader turns out to not be as experienced and respected as Nursultan Nazarbayev, how would he get along in this situation? He could get along through, as they say, improving relationship with foreign corporations. So Kazakhstan would have to lock itself into further dependence instead of reflecting on the restoration of national control over natural resources, without which, by the way, there would be no - industrial, innovative - development. We would have to become furthermore involved in such kind of a situation.



government system into a competently distributed one.

The fact that the situation is largely being controlled from the outside, and we have been responding to external stimuli, is, on one hand, a guarantee that there will be no contingencies here. But on the other hand, this isn't actually a very good guarantee, since it would be better to behave independently of any outside influence. I, for one, am an unequivocal supporter of Eurasian integration, but not in this trading format, but in an investment format, which we simply don't yet have. I am also not ok with a situation in which Moscow would dictate the whole thing, and our representatives would simply have to adjust and adapt to

Nazarbayev as head of state, like the rulers of all times and ages, unfortunately, is not eternal. Unfortunately - this is not irony. It's, of course, matter of common knowledge that society can feel tired due to the fact that they have for more than twenty five years all the same person as their ruler. It is quite common not only for the Kazakh or any other post-Soviet community, but also to Western society. Man is arranged so that he sometimes becomes tired of being told how good his country is under the leadership of one irreplaceable ruler, tired of being told to be grateful and to be scared of the power shift. And then he begins to yearn for something new, being fully aware that it can get him to go sideways.

for more than two decades and the highest-ranking Soviet leader of Muslim heritage, didn't find common language with the then new Secretary General of the CPSU Central Committee Mikhail Gorbachev. I saw with my own eyes a lot of intelligent Kazakhs, who jumped for joy at the news of his dismissal. This newcomer was non-Kazakh, brought from abroad. But they didn't much care for it. «The point is to replace him with someone else», they said. Later on they regretted it. But it was afterwards - after they were enlightened by the so-called Jeltoqsan or «December» events of 1986 that took place in Almaty in response to Mr. Gorbachev's dismissal of Dinmukhamed Kunayev, the long-serving First Secretary of the Communist Party of Kazakhstan, and the subsequent appointment of Gennady Kolbin, an outsider from Russia.

A similar phenomenon is happening now in Kazakhstan. And even the most ardent opponents of Mr. Nazarbayev agree that there is no one nowadays Kazakhstan to replace him as the head of state and would be able to guarantee the stability of government and society. A few years ago, the Soldat newspaper (now - Dat) wrote something like the following phrase: in the case of Mr. Nazarbayev's leaving the presidency Kazakhstan's political elite as a whole does not recognize any single authority. Whoever comes to power after Mr. Nazarbayev will be depending on the specifics of Kazakhstani elite and lacking real power in the country. His authority will be strongly and insuperably challenged by a host of other powerful and abundantly rich individuals. They would say, «Who are you that I should obey and seek favor from?! Are you better, cleverer and wealthier than me? No! You aren't the boss around here and you aren't the boss of me!». So really there is no one that can fulfill the role to this day played in Kazakhstan Mr. Nazarbayev.

True, Kazakhstani president's critics blame him for lack of an option to replace him as chief executive of Kazakhstan. Mr. Nazarbayev's domestic opponents fault him for what they claim is his reluctance to tolerate appearance of would-be successors. But such an argument does not sound like a very convincing argument.

Mr. Nazarbayev is being still kept in power by, at least, two undisputed factors. This is, firstly, his ability and personal merits that enabled him to undergo natural selection and, on the way to the pinnacle of power, to overcome all the would-be and real competitors. Secondly, the legitimacy of his nomination as the first head of the country in the eyes of Kazakhstani people and, above all, the Kazakh society due to the fact that he was appointed there by Moscow, the former metropolitan and, therefore, neutral power. So, it will be very difficult to find a wholly adequate successor to him for the Republic of Kazakhstan.



That is, if instead of the current President with his exclusive role in governance and his vast historical experience as a statesman we get someone who is a little weaker - and there is objectively no other choice - then we won't get upside down, here we would have long-term disturbances. But we would become furthermore involved in this situation; we would get stuck in the position of a mere supplier of raw materials. We would become even more influenced by this international multi-vector environment, and first of all, of course, by Russia, which will promote the project of Eurasian integration one way or another.

And all of this does not seem very encouraging. That's why I think... well, I don't really believe much in it, to be honest, I hardly believe in it, but I think that the only reasonable way for us is to start, of course, under guidance of the ruling authority (this trend should not come from the street, shouldn't it?) institutional reform in order to transform an exclusive, personal presidential

that, while being reluctant to accept such a system of relationships, even resisting efforts to establish it. I'm assuming that we must increase our own flexibility and effective independence. Yet I am rather pessimistic with respect to that. And specifically, I'm just worried about the so-called growth of civic activism, because if you look at what Internet is filled with, you will see something quite remarkable. The highest achievement of that intellectual social thought, I am aware of, is as follows. Let us conduct fair and genuine elections instead of tightly regulated ones. This idea just terrifies me, because if elections are to be held in this kind of situation, that would be cast-iron guarantees for destabilization of the current system without any chance to create something better and more sustainable instead.

Inheriting the presidency, it's a task that is easier to talk about than to do. Then imagine Kazakhstan, as an independent country, steadily moving on without him as though nothing has changed - oh, it's easier said than done. Nursultan

In the summer of 1945 indefatigable prime minister of Britain during World War II Winston Churchill confidently looked forward to electoral victory. Although his role in this war had generated him much support from the British population, he was defeated in the general elections held on 26 July 1945 and stepped down as leader of the British Government. Many reasons for this have been given, key among them being that a desire for post-war reform was widespread amongst the population and that the man who had led Britain in war was not seen as the man to lead the nation in peace. Thus, he lost the prime ministership two months after Germany's surrender, when the opposition Labor Party took majority control of Parliament. Churchill lost his seat of Prime Minister in the days of his and his party's greatest triumph.

And now let's take an example closer to us. There was a lot of gloating in Kazakh society in the mid 1980's over the fact that Dinmukhamed Akhmedovich Kunayev, then effective ruler of the Kazakh Soviet Socialist Republic

НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

► МОНОКАЛА

МОЛ ҚАРЖЫ БӨЛІНБЕК

«Nur Otan» партиясы XVIII съезде айтылған Елбасы тапсырмаларын орындауға кірісіп кетті. Партияның Қостанай облыстық филиалы саяси кеңесінің кеңейтілген отырысында Арқалық, Лисаков, Рудный және Жігітқара қалалары Ұлттық экономика министрлігі тарапынан қаржыландырылатыны айтылған болатын.

Сонымен, ағымдағы жылы Лисаков пен Рудныйдағы жылуды магистраль торабынан қайта құруға 500 млн теңге бөлінеді. «Жыл сайын монокалаларға бөлінетін 10 млрд теңге - бұл барыныша қолға сома. Тек бұл ақшаның қаншалықты тиімді жұмсалатыны және оның жаңа кәсіпорындар құрылысы, жаңа жұмыс орындарын ашу, бизнес-жобаларды қаржыландыру арқылы халыққа дейін нақты жетуі биліктің жергілікті атқарушы органдарына ғана байланысты болады», - деп атап өтті «Nur Otan» партиясы Қостанай облыстық қоғамдық кеңесінің мүшесі Гүлмира Капенова. Қоғамдық кеңес мүшелері сондай-ақ, мемлекет көрсетіп отырған әлеуметтік қолдауға мұқтаж азаматтар туралы сөз қозғады. Партиялықтар әлеуметтік көмек көрсету бойынша критерийлердің өзгеруіне байланысты, бір ғана Қостанай облысының өзінде әлеуметтік көмекке 20 000-нан астам адам қол жеткізетіндігін алға тартты. Орта есеппен аймақта айына бір балаға көмек мөлшері 4 706 теңгеден 20 789 теңгеге дейін немесе 4,4 есеге дейін ұлғаяды. Оған басқа, денсаулық сақтау саласында айтарлықтай ілгерілеулер де жоспарланып отыр. 15 мыңнан астам медицина саласының қызметкерлерінің жалақылары артатын болады. «Облыста 2022 жылға дейін емханаларды қаржыландыруды 12,7 млрд теңгеден 25 млрд теңгеге дейін ұлғайту жоспарланып отыр. Бұл медициналық көмек көрсету сапасын арттырып, күндізгі стационарлар мен диагностикалау жұмысын жеңілдету түседі», - деді Қостанай облыстық басқару сақтау басқармасының басшысы Вячеслав Дудкин. Жалпы, «Nur Otan» партиясының XVIII съезі қойылған мәселелердің өзгешелігі және ауқымы бойынша тарихи сипатқа ие болды.

► БАСПАНА

ЖАҢА ПӘТЕР ҚҰНЫ ҚЫМБАТТАДЫ

Қазақстанда 2019 жылдың ақпан айында жаңа баспананың шаршы метрінің бағасы тура өткен айдағы секілді орта есеппен 277 457 теңгені құрады.

Баспана бағасы 2018 жылдың желтоқсан-ақпан сальдтырында 0,6%, былтырғы қаңтар-ақпан айларымен сальдтырында 3,1% өскен. Қайта сатылатын абаттандырылған баспананың 1 шаршы метрі ақпан айында орташа 189 764 теңге (қаңтар айымен сальдтырында 0,3%, 2018 жылдың желтоқсанмен сальдтырында 0,6%, 2019 жылдың қаңтар-ақпан айларында былтырғы жылдың осы кезеңімен сальдтырында 2,2% өскен), абаттандырылмаған баспана құны 119 107 теңге (+0,2%, +0,7% және +3,2% өскен) болды. Жалға берілетін абаттандырылған баспананың 1 шаршы метрінің бағасы өткен айда орташа 1 431 теңгені құрады (+0,7%, +2,2% және +7,6%).

► НАРЫҚ

ОТАНДЫҚ ГАЗ ЭКСПОРТЫНЫҢ КӨЛЕМІ АРТТЫ

Қазақстанның табиғи газ қоры әлем бойынша 22-орында. Ал ТМД елдері арасында Ресей мен Түрікменстаннан кейінгі 3-сатыда екені белгілі. Жер қойнауындағы қор көлемі - 1 трлн 300 млрд текше метр. Қазақстанда газ экспортының көлемі артты. Өткен жылдың 10 айында сыртқа 22 млрд текше метр табиғи газ жеткізілген.

Бұл 2017 жылғы көрсеткіштен 14,5 процентке көп. Импорттаушылардың көшіні Ресей мен Қытай бастап тұр. Солтүстік көршіміз 7,5 млрд текше метр газ импорттаса, Аспан асты еліне жеткізілген газ көлемі 7 есе көп. Ал Энергетика министрлігінің соңғы деректеріне сәйкес, өткен жылы Қытайға 5 млрд 800 млн текше метр газ сатылған. Әзербайжан мен Қырғызстан елдеріне де тасымалдау көлемі артып отыр. Швейцария, Украина мен Әзербайжанға, кәрісінше, кеміген. Жалпы, өткен жылғы қорытынды бойынша, ел бюджетіне 1 млрд 700 млн доллар көлемінде кіріс түсті. Елдің 9 млн тұрғыны бүгінде отандық табиғи газдың шапартын көріп отыр. Яғни бұл дегеніміз - ел тұрғындарының тең жартысы. Білік осы көрсеткішті ұлғайтуды көздейді. Мәселен, өткен жылы Ақтөбе, Қызылорда, Алматы, Батыс Қазақстан, Түркістан мен Жамбыл облыстарының аудандарына газ тартылды. Қолға алынған 22-жобаның алғашқы бүгінде толық аяқталды. Ауқымды шара биыл де жалғасын таппақ. Осы мақсаттарға 24 млрд теңге бөлінді. Әкімдіктер ұсынған деректер бойынша 19 жоба осы жылы аяқталуы тиіс. Осылайша тағы 60 мың адамның үйіне газ жеткізіледі.

Нұрлан ҚҰМАР

МӘДЕНИЕТ

БАҒДАР

Tele2 және Altel бірлескен компаниясы бытырғы жылдың қорытындысын шығарды. Абоненттік база көлемі 2017 жылдағы көрсеткішпен салыстырғанда 7,160,000 адамға өсті.

САЛТАНАТ ҚАЖЫКЕН

Абоненттік базаның және әр абоненттен түсетін орташа кірістің өсуі компанияның қаржылай нәтижелеріне онынан әсер етті. 2018 жылдың 4-тоқсаны ішіндегі жиынтық ақшалай түсім 33,3 млрд теңгені құрады (2017 жылдың 4-тоқсанында 28,5 млрд теңге), ал 2018 жылдың нәтижесі бойынша 122,2 млрд теңге құрады



Қолданушылардың саны өсті

(2017 жылы – 104 млрд. теңге). Компанияның 2018 жылдың 4-тоқсанындағы абоненттік ақшалай түсімі 26,4 млрд теңге (2017 жылдың 4-тоқсаны – 22,1 млрд теңге), ал 2018 жылы барлығы 96,1 млрд теңге құрады (2017 жылы 80,2 млрд теңге). 2018 жылы EBITDA 69%-ға, яғни 41,9 млрд. теңгеге дейін өсті (2017 жылы 24,8 млрд. теңге). 2018 жылдың 4-тоқсанында EBITDA12,8 млрд. теңге құрады (2017 жылдың 4-тоқсанында 7,8 млрд теңге).

Компания 2018 жылдың соңына қарай 6380 базалық станцияны біріктіре отырып, белсенді түрде желіні сауды жалғастырды. Олардың 70%-дан астамы деректер тартудың соңғы стандарты – LTE Advanced технологиясын қоллайды. Осылайша КР тұрғындары осы технологиямен қамту көрсеткіші 75,3%-ға жетті. LTE Advanced желісін кеңейту және жаңғырту деректерді тарту көлемінің айтарлықтай өсуіне әкеліп келді, 2018 жылы ол 822 ПБ құрады (2017 жылы – 540 ПБ).

Бытырғы жылдың аяғынан бастап компания қазақстандық мобилдік операторлардың ішінде алғашқы болып Алматыда мобилдік желіні виртуалдық ядросын коммерциялық пайда-

лануға берді. Ядроны виртуалдандыру желі өнімділігін шектеуге мүмкіндік беріп, ең көп салмақ түсетін уақыттарда ресурстарды қайта үлестіруге және қажет болған жағдайда қосымша серверлік қуаттылықтарды қосуға жағдай жасайды. Платформа 5G желісінде қолдануға жарамды. 2019 жылы Астана, Шымкент және Ақтөбелегі ядроларды виртуалдандыру жоспарланған. Осы жоспарларды табысты жүзеге асыру желіні ікемді әрі берік етуге, сондай-ақ, VoLTE технологиясын ендіруге мүмкіндік береді.

«Tele2 және Altel бірлескен компаниясының үш жылдық қызметі ішінде біз абоненттік базаны айтарлықтай өсіріп, басты қаржылық көрсеткіштерді арттыруды жалғастырдық. LTE Advanced желісін дамыту және желідегі жобаларды жүзеге асыру аясында күш біріктіруіміз арқасында біз желі жұмысының тұрақтылығын арттырып, технологиялық көшбасшылығымызды сақтап қалдық. Біз қол жеткізілген көрсеткіштеріміз місе тұтпай, алдағы жылдары абоненттердің мобилдік қаржылық сервистерге және OTT қызметтеріне (ғаламтор арқылы бейнеқызметтері ұсыну) дерек қажеттіліктерін қанағаттандыруды, сондай-ақ, 3G және

IoT сервистерін іске қосу үшін желіміздің әлеуетін қолдануды жоспарлап отырмыз», – деп атап өтті Tele2 және Altel бірлескен компаниясы басқарма төрағасы Роман Володин.

Tele2 – жетекші еуропалық байланыс операторларының бірі. Бүгінгі күні Tele2 – 8 елдегі 15 миллионнан аса абонентке мобилдік және тіркелген телефония, кеңжақты байланыс арқылы интернетке шығу және кабельдік теледидар қызметтерін ұсынып отыр. Altel – «ALTEL 4G» бренді арқылы LTE технологиясын коммерциялық түрде іске қосқан тұңғыш қазақстандық мобилдік оператор.

Tele2 Қазақстанда 2011 жылдан бастап жұмыс жасап келеді (2016 жылдан бастап «Казтелеком» АҚ-мен бірлескен компания ретінде қызмет етеді). 7,1 миллионнан аса абонентке 3G және 4G технологиясында мобилдік байланыс және кеңжақты сымсыз интернет байланыс қызметтерін ұсынып отыр. Қазақстанда қызмет жүргізе бастағалы бері Tele2 нарықты дамытуға 150 млрд теңгеден аса қаржы құйды. Tele2 брендінің басты артықшылықтарына байланысты сапасы және шынымен де тиімді бағаланады.

БАСКОСЫ

Жасанды интеллект мемлекетті алмастыра ала ма?

«Astana Hub» Халықаралық IT-старттаптар технопаркіне резиденттер мен конактарға арнап Қазақстандағы бизнес үдерістерді роботтандыруға арналған шешімдерді таныстырамыз. «Astana Hub» Халықаралық IT-старттаптар технопаркі, Lenovo Central Asia және Microsoft Қазақстан серіктестігі ұйымдастырды.

АЙНУР БАҚДӘУЛЕТҚЫЗЫ

Іс-шараға 100-ден аса қатысушы келді, олардың арасында «Astana Hub» резиденттері – разработчиктер, стартаперлер, акселератор, Microsoft Қазақстан серіктестері де болды. Сондай-ақ, іс-шара аясында «Astana Hub» базасында технопарк резиденттеріне арнап воркшоптар мен тренингтер өткізілді.

«Біз жана технологиялар арқасында Елорда тұрғындарының өмір салты қалай өзгеріп жатқандығына куә болып отырмыз. Мәселен, біздің елорда Smart Astana тұрақты даму тұжырымдамасы бойынша өзгеріп келеді, бұл әрекеттер халықтың өмір сапасы мен әл-ауқатын жақсартуға, инфрақұрылымды жақсарту, жаңғыртуға және ұлттың қоғамдық қауіпсіздігін қолдауға көтеруге бағытталған», – деп атап өтті «Astana Hub» Халықаралық IT-старттаптар технопаркі бас директоры Әділет Нұрғожи.

Кездесу кезінде Microsoft Қазақстан, К Р М Г, Ernst&Yang, BCG компанияларының мамандары кездесу кезінде жасанды интеллект негізіндегі шешімдерін жүзеге асыруға арналған өз жобаларын таныстырды.



Қатысушылар және акселератор конактары Microsoft шешімдері негізіндегі бет-әлпетті, эмоциялар мен объектілерді тану, машиналық оқыту және заттар интернеті арқылы жүргізілетін озық аналитика құралдары сынды жасанды интеллект негізіндегі шешімдермен танысты.

«Бүгінгі күні Lenovo компаниясының бүкіл әлем бойынша 15 зерттеу орталығы бар», – деп атап өтті Lenovo Central Asia бас менеджері Әлнұр Ермағамбетов. – «Компания жасанды интеллект саласындағы зерттеулерге 1,2 млрд АҚШ долларынан аса қаржы құйды, жасанды интеллект технологияларын жасап шығаруға арналған үш жаңа орталық салынды».

Таныстырылымдар топтамасын ашқан кезде Microsoft Қазақстан бас директоры Тибор Коляк былай деп атап өтті: «Біздің компания Қазақстанда бұлттық есептеулер және жасанды интеллект технологияларын дамыту стратегиясын жасап шығару бағытында жұмыс жүргізуде. Оның

мақсаты – осы технологиялар мен құралдарды «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында бизнес міндеттерді тиімдірек шешу үшін әрбір бағдарлама жасаушыға қажетті бағдарламалық жабдықтар мен коллестімі ету. Қазақстандық разработчиктер және IT-старттаптарды дамыту үшін бұл бағыттарды қолдау келешегі зор, өйткені көптеген аналитикалық компаниялар жасанды интеллекттің бизнес ретіндегі маңыздылығын триллион долларға бағалап отыр».

«Astana Hub» Халықаралық IT-старттаптар технопаркінің резиденттері мен келушілер жасанды интеллект негізіндегі шешімдерін жүзеге асыруға арналған Microsoft құралдарының басты тұжырымдамаларымен, қаржылық және мемлекеттік органдардың жұмыс барысын ұйымдастыру кезінде роботтандыру мүмкіндіктерін зерттеуде қалай қолдануға болатындығымен, мұнай-газ секторында цифрлық көмекшілерді қолдану мүмкіндіктерімен танысты.

ҚҰПТАРЛЫҚ ІС!

Нарыққа негізделген сайт іске қосылды

Қазақстанда жетекші ақпараттық порталдардың басты көрсеткіштерін өлшеуге арналған сайт жұмыс жасай бастады. Алматыда olshem.kz сайты іске қосылды. Жана ресурс – бұл жобаны қатысқан отырған 25 порталдың Қазақстанда кәсіби және ашықтық деңгейі жоғары нарықты құру бағытындағы ұтылысының нәтижесі.

НҰРЛАН ҚҰМАР

Отандық нарық үшін жана аталмыш ресурс – olshem.kz сайты деректер аналитикасы саласындағы Chartbeat аты озық компаниямен бірлесіп отырып жүзеге асырылды. Компанияның қызметтерін АҚШ медиа нарығының 75%-ы қолданады. Ашық, айқын әрі кәсіби медиа нарығын қалыптастыру мақсатында жетекші қазақстандық интернет-басылымдардың бірлескен шешімі ретінде құрылған бұл веб-сайт өз жұмысында ең үздік халықаралық стандарттарды қолданып отырады.

Chartbeat технологиялары отандық БАҚ-қа өз оқырмандарының шынайы қажеттіліктерін ескере отырып, бизнес үдерістерін орнату арқасында жарнама



берушілерді кеңінен таратуға мүмкіндік береді. Заманауи құралдар мен озық технологияларды қолдану журналистика сапасын көтеріп, отандық БАҚ нарығының кәсіби деңгейінің озық елемек.

«Қазақстан тарихында тұңғыш рет 25 отандық интернет БАҚ оқырмандармен және жарнама берушілермен өз қатынасында адалдықты ұстанатындығын ашық

түрде көрсету жөнінде өз еркімен шешім қабылдады. Chartbeat технологиялары арқасында олар өз статистикасының көрсеткіштерін, соның ішінде бұған дейін жарияланбаған көрсеткіштерді ашық көрсетіп, бұл оқырмандардың қажеттіліктерін тереңірек түсініп, аудиторияны тарту, қазақстандықтар үшін шынымен де маңызды әрі қажетті репортаждар мен лонгридтерді дайындауға

бағытталған көбірек контентті жасап шығару үшін қазақстандық журналистерге арналған бірегей мүмкіндік», – деп өз ойымен бөлісті Chartbeat жобасы Камкоршылар кеңесінің төрағасы Михаил Дорощев.

Сайт Қазақстандағы Chartbeat апталығы аясында іске қосылды. 4 наурыздан бастап білім беру бағдарламалары жөніндегі аға басшы Джилл

Николсон және клиенттермен жұмыс жүргізу жөніндегі менеджер Кара МакКлюски Алматы және Астана қалаларында білім беру тренингтерінің топтамасын өткізіп, жоба қатысушыларының редакцияларында болып қайтты. Сондай-ақ, сапар аясында жарнама нарығының қатысушылары үшін Chartbeat сервісінің құралдарына арналған семинарлар және КР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігімен кездесу өткізілді.

«Қазақстанның АҚШ елшілігі Қазақстан халқы мен Үкіметі үшін маңызды бірқатар бастамаларға үлкен мақтанышымен қолдау көрсетуді жалғастырып келеді. Осындай бастамалардың бірі – ел ішінде мықты әрі кәсіби журналистиканы ілгерілету. Қазақстан Үкіметі және қазақстандық қоғам АҚШ-та қолданылатын инновациялар мен технологияларға қызығушылық танытып отыр. АҚШ бас консулы ретінде мен бұл жоба осы технологиялардың кейбіреуін ендіріп, осылайша Қазақстанда мықты журналистиканы дамытуға өз үлесін қосады деп үміттенемін», – деп атап өтті АҚШ бас консулы Эрик Мэйер.

Olshem.kz ресурсы жарнама нарығына жобаны қатысқан порталдардың оқырмандар ауди-

ториясы жайлы шынайы ақпарат алуға мүмкіндік береді. Бұл БАҚ-та жарияланатын материалдардың мақсатқа бағытталғандығын арттырмақ. Chartbeat сервістерін қолданатын медиа ресурстар жарнама нарығымен толық әрі нақты аналитикамен бөлісетін болады. Олар контент сапасын жақсартып, редакциялық саясатты жана жағдайларға сәйкес бейімдейтін болады. Сервис қатысушылар арасында кәсіби қатынастарды құруға көмектесіп, редакциялық саясатта метрикалардың кенінен қолданылуына жағдай жасамак.

«Chartbeat компаниясы әлемдегі ең ірі редакцияларда табысты тек қолданылып отырған деректер талдау саласындағы озық технологиялардың артықшылықтарын қолдануға көмектесіп отырып, олармен жұмыс жасауға мүмкіндік алып отырғандығына куәландырады. Қазіргі таңда журналистика сапасы бұрынғыдан аса үлкен маңызға ие, сондықтан осы серіктестік аясында ірі не шағын болсын, 25 басылымның әрқайсысына өз оқырмандарына ерекше деңгейде әсер етуге және жұмыс сапасын көтеруге көмектесіпек», – деп атап өтті Джилл Николсон.

Қазақ ГАЗЕТТЕРІ

Құрылтайшы және шығарушы: «ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ» ЖАУАКПӨРШІЛІК ШЕКТЕЛІК СЕРВІСТЕРІ

Бас редактор – Ақса. ТАҚУОВ

Бас редактордың орынбасары – Жұртпа. АЛЫ

Шымындын ПАТТЕЕВ

Қайыратуы Белмесі 272-87-30

Жарнама Белмесі 267-00-44

www.kazgazeta.kz

E-mail: kaz_gazeta@mail.ru

ТЕНГЕ MONITOR

Бөлім редакторлары: Рынтай САҒЫНБЕКОВА, Ботагөз ӘБДІРҚЫЗЫ, Мақпал САҒЫНДЫҚ, Исағай ҚАМБАРОВ

Бетшеуі: Ернар ОРМАНОВ

«Қазақ газеттері» ЖШС-ның аймақтардағы өкілдері:

Астана қаласында: Төлімбек ӘБДІРАХМАНОВ 8 701 345 79 38

Ақтөбе облысында: Жанғалы ҚАЖЫБЕКОВ 8 711 769 63 22

Маңғыстау облысында: Бектұр ТӘУЕЛБАЕВ 8 (7292) 40 41 01

Қарағанды облысында: Батырбек МҰРАЗБАЕКОВ 8 (7102) 90 19 73

Газеттің терілуі мен бет қатталуы «Қазақ газеттері» ЖШС-ның компьютерлік орталығында жасалады. Орфсетік басылмақ.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

АЛШАНОВ Рахман

ӘБДИМАНАПОВ Сарсенғали

ӘБШЕВ Әли

БЕКБОЛАТҰЛЫ Жетісбай

ГҮЛӨЗСІКІ Телер

(Польша)

ЕСПІЛОВ Телестек

ҚАЛИЕВ Ғани

НҮРСЕЙІТ Айтқали

САҒАДИЕВ Кенжеғали

САЛПАРБАЕВ Әбдіжапар

САТЫБАЛДИН Сағандық

СВІТЛОВ Серік

ТОПІЛТӨВ Әбісәлімет

ТЕМІРБЕКОВ Нұржан

ХАМЗИН Жантемір

Тел: 2910.

Таралымы: 5000.

Газетті апталық 1 рет шығарып, Газет «Дуру» РТБК ЖШС-нда басылды. Алматы қаласы, Ш. Қалдаяқов көшесі, 17/1. Тел: 273-12-04.

Мекен-жайы:

050013, Алматы қаласы, Жетісу ауданы, 175/4-қабат, 463-Бөлме (Телерадио) тел: 272-07-94

404-Бөлме (Бас редактор) тел: 267-36-11 факс: 272-36-11

E-mail: kazgazeta@mail.ru

www.kazgazeta.kz

Индустриалдык сервистер

Ботана ӘБДІРҚЫЗЫ

«Тенге Monitor» газетіне жарияланған материалдардың авторлық құқық «Қазақ газеттері» ЖШС-не тиесілі, редакция жауапты емес. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция қазқарасын білдірмейді.